

Ұлыстың ұлы күні құтты болсын!

...Заманымыз - мәдениет Заманы, мәдениетке білім жеткізеді
Халел Досмұхамедов.



УНИВЕРСИТЕТ



Х.ДОСМҰХАМЕДОВ АТЫНДАҒЫ АТЫРАУ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІНІҢ БАСЫЛЫМЫ

ГАЗЕТ 2000 ЖЫЛДЫҢ СӘУІР АЙЫНАН ШЫҒАДЫ

№1 (41), 17-наурыз, сенбі, 2012-жыл.

ҚҰРМЕТТІ ПРОФЕССОРЛАР, СТУДЕНТТЕР, ӘРІПТЕСТЕР!



Сіздерді Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесімен шын жүректен құттықтаймын.

Адамзаттың рухани құндылықтарының қатарынан орын алып келе жатқан Наурыз мейрамы Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясы сессиясының шешімімен 2010 жылы халықаралық мейрам болып қабылданды.

Наурыз мерекесінің халықтар арасындағы достық пен татулықтың сақталуына, ұлттық дәстүрдің насихатталуына ықпал ететін маңызы ерекше.

Шығыс халықтары үшін ежелден Наурыз – табиғаттың жаңаруы, көктемнің басталуы, жақсылық пен жаңалықтың жаршысы.

Табиғаттың көктемі жастардың жалынды жастық шағымен жарасымды болары сөзсіз. Наурыздың жаңа күні білімпаз жастарға жарқын жол ашып, білім мен ғылымда алар асуымыз биік болсын.

Әз – Наурыз жақсылықтар мен жаңа жетістіктердің бастауы, елімізге құтты, халыққа жайлы болып, ұлыс оңынан, ақ молынан болғай деген тілекпен бірге, баршаңызға мықты денсаулық, отбасыларыңызға амандық, еңбекте табыс тілеймін.

*Ізгі тілекпен, университет ректоры,
профессор Б.Мамраев*

НАУРЫЗ – ТІЛЕК

*Халайық, құтты болсын ұлы тойың,
Орындалсын армандаған асқақ ойың.
Табиғат мейірімін төгіп бүгін,
Жатыр ма түйе боздап, қоздап қойың.*

*Әсем ғой наурыздың нақыштары,
Өрісте қозы-лақтар жарысады.
Ұзақ жыл көріспеген ағайындар,
Ұлы той наурызда табысады.*

*Зерленген киіз үйлер тігіп жатыр,
Бұл тойдың даралығын ұғып жатыр.
Жеті дәмнен пісіріп наурыз-көже,
Киіз үйден жеңгейлер шығып жатыр.*

*Ұлысты ұлы күнге теңейді екен,
Көктегі періштелер жебейді екен.
Алланың жерге түсіп шапағаты,
Тасы да Самарқанның ериді екен.*

*Тереземіз көп елмен тең болды деп,
Қуанар жетістікпен арман жүрек.
Ұлыстың ұлы күні Наурызда,
Тұр ғой бүгін қазақты шаттық кернеп.*

*Кәсіпкерлік елімде қанат жайсын,
Өндірістер өркендеп көп нығайсын.
Жастар шығып білімнің биігіне,
Шаңырақ болсын елде құламайтын.*

*Ерлан ТІЛЕКҚАБЫЛОВ,
тарих-филология факультетінің
II-курс студенті*

АНГЛИЯДАН ҚОНАҚ КЕЛДІ

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінде шетелдік жоғары оқу орындарының өкілдерімен кездесу болып өтті. Атап айтқанда, Англияның Уэлс қаласында орналасқан Кардифф университетінен Атырауға ат басын тіреген Анна Морган және Саусамтон университетінен Донна Хайнес білімді жастармен жүздесті.

Университеттің ғылыми жұмыстар мен халықаралық байланыстар жөніндегі проректоры, т.ғ.д, профессор Ж.Т.Таңатарова жиын барысын кіріспе сөзімен ашып, қонақтарды таныстырып өтті.

Өз кезегінде Анна Морган университет ұжымына алғысын білдіріп, өз елінен мәліметтер келтірді. Кардифф университеті – 1830 жылы ашылған Англияның үлкен оқу ордасы. Онда 28-ден астам кафедра, оның ішінде бизнес, экономика, медицина, сондай-ақ техникалық салалар бойынша білім беріледі. Оған түсу үшін 1 жылдық дайындық курсынан өтіп, ағылшын тілін меңгеріп алу қажет. Оқу ақысы – 20 мың фунт стерлинг. Мұнда оқу мерзімі бакалавр және магистр дәрежесі бойынша 4 жыл. Ең бастысы, абитуриент 6,5 балл жинап шығуы керек. Студенттерге қазірден-ақ өз мамандықтарына арыз берулеріне болады.

Жиын соңында студенттер тарапынан қойылған сауалдарға нақты жауаптар алынып, қонақтарға сый-сияпат көрсетілді.

Амандық САҒЫНТАЙҰЛЫ, студент



АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҚ – ӨМІР ТАЛАБЫ

Өзара ой бөлісу үшін Х.Досмұхамедов атындағы АТМУ-дің оқу-телевизиялық орталығында «Университетте білім алушылардың академиялық ұтқырлығын ұйымдастыру» деген тақырыпта танымдық сабақ болып өтті.

ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев 2011 жылдың сәуір айында өткізілген Үкіметтің кеңейтілген отырысында Қазақстанды әлемдік деңгейдегі білім орталығына айналдыру қажеттілігіне айрықша назар аударған еді. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында жоғары оқу орындарының қызметін жоғары білім беруді әлемдік үлгіге сәйкестендіріп, академиялық ұтқырлықты қалыптастыру – ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2012 жылдың қаңтар айындағы Қазақстан халқына Жолдауында қойылған басты он бағыттың бірінде атап өтілді.

Елбасы өз Жолдауында білім, ғылым саласына қатысты ойларын айтып, көптеген тапсырмалар жүктеді. Оқу орындарындағы жаңа технологиялардың келуі, инновациялық жобалардың жасалуы, Қазақстанда адами капиталдың сапалы өсуі – білім беру жүйесін жаңғырту барысында басты атқарылатын іс-шараларды айқындап берді.



Университеттің жалпы және халықтық педагогика кафедрасының доценті, баспасөз орталығының жетекшісі, «Университет» газеті редакторының орынбасары А.Р.Сабилов, педагогика ғылымдарының докторы, доцент, білім алудың академиялық ұтқырлығы және мамандардың кәсіби біліктілігін арттыру бөлімінің координаторы А.Ө.Мұхамеджанова, әлем тілдері факультетінің деканы, ф.ғ.к. А.Х.Хайыржанова, бөлім әдіскерлері Ж.Ізтелеуова, А.Шығанақова М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дің III курс студенттері А.Артығалиева, Г.Кесекова, А.Таниева, сондай-ақ Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инженеринг университетінен Ә.Дінишева, Абылайхан атындағы Халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті «Аударма ісі» мамандығының III курс студенті Г.Тутимова студия қонақтары болды.

Шара барысында қойылған сұрақтарға нақты жауаптар алынды. Ұстаздар мен студенттер арасында пайымды пікірлер алмасып, ұсыныстар айтылды.

Осындай тағылымды кездесулер әрі қарай да өз жалғасын таба бермек деп сендірді танымдылық сабағын ұйымдастырушы оқу-телевизиялық орталығының ұжымы.

Анар ЕСЕТОВА,
оқу теле-радио орталығының қызметкері

ҰСТАЗ ХАНЫМДАР ҰЛЫҒЫЛАНДЫ



Халықаралық әйелдер күніне арналып Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінде мерекелік жиын болып өтті. Онда ел болашағы жастарға білім нәрін сіңіріп жүрген ұстаз ханымдар ұлығыланды.

Кеш облыстық Махамбет атындағы қазақ драма театрының «Суперкелін» спектаклінің сахналық қойылымымен ашылды. Университет ректоры Б.Мамраев аяулы аруларды төл мерекелерімен құттықтады. Үлгілі оқу орнының ұлағатты ұстаздарына қаржылай қолдау көрсетіп, көптеген ұстаздар мен белсенді студенттеріміз ректордың мерекелік Алғыс хатымен марапатталды.

Солардың ішінде Б. Барсай, Ж. Жұмабаева, З. Каримова, Р. Буканова, А. Сұлтанғалиева, Ш. Сисенғалиева, С. Жұмағазиева, А. Арсенова, сондай-ақ студенттерден А. Асқар, Ж. Сатыбалдиева, Т. Сағынғалиқызы, А. Мизамбаева, М. Шаденова, Б. Қарабатырова, Ұ. Қалиева, А. Үмбетова, З. Ғайнонова, І. Хамзина, Г. Мейірханова және т. б. аталған құрметке ие болды.

«Жас қанат» республикалық ән байқауының жеңімпазы, Н.Жантөрин атындағы облыстық филормония солисі С.Сүйінбайұлы, А.Ертілеу



әннен шашу шашып, «Сәуле» би ансамблінің бишілері және экономика факультетінің студенті Ж.Сатыбалдиева «Аққу» бiнiн мың бұрала биледi. Жиын соңында осынау мейрам иелерiне гүл шоқтары сыйға тартылды.

Қуаныш БЕРІКҚАЛИЕВ,
тарих-филология факультетінің
4 курс студенті

ДІН ЖӘНЕ БІЛІМ

Осындай атпен үстіміздегі жылдың 15-16 ақпан күндері университеттің №1, №2 жатақханаларында ашық әңгіме болып өтті.

Мұндағы мақсат – оқу орнының студенттеріне еліміздің діни қызметі мен қазіргі ахуалы, дәстүрлі және дәстүрлі емес діндер мен діни бірлестіктер және басқа өзекті мәселелер жөнінде дұрыс мағлұмат беру, оларды дінге қатысты заңмен таныстыру. Шараны ұйымдастырушы – университеттің аға кураторы, п.ғ.к, доцент Бөпежан Иманғалиева.

Әңгіме барысында университеттің тәрбие жұмыстары жөніндегі проректоры А.Қ.Ахмет, ф.ғ.к, профессор С.Құсниденов, қоғамдық-гуманитарлық пәндер кафедрасының доценті С.Қапизов өткен жылдың қазан айында облысымызда құрылған діни қызмет жөніндегі бірлестік, діни департамент қызметі, агенттіктердің жастар мен қоғамға әсері жөнінде нақты дәйектер келтіріп, ҚР-ның дін және діни бірлестіктер туралы заңымен таныстырды.



Студенттер өз тарапынан сұрақтар қойып, нақты жауаптар алды. Атап айтқанда, діни миссионерлердің жастарымызға оп-оңай іріткі сала алмайтындығы, болашақ жастардың қолында екені ескертілді.

Университет баспасөз орталығы

ЖОО-ДА ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ

Ақпан айының 23-і күні университетіміздің конференция залында «Тәртіп бұзушылықтың алдын алу және сыбайлас жемқорлық бағытындағы қылмыспен күрес» тақырыбында университет студенттері, арнаулы оқу орындарының оқушылары және оқытушыларының қатысуымен дөңгелек үстел өтті. Жиынның мақсаты Елбасының Қазақстан халқына Жолдауында көрсетілген тәртіп бұзушылық пен қылмысқа, соның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес шараларын жүргізу мақсатында студенттер мен профессор-оқытушылар құрамының арасында аталған мәселелерді жан-жақты талқылап, түсіндіріп, осы бағытта құқық қорғау, сот қызметкерлерімен тұрақты байланыс орнату еді.

Алғаш сөз тізгінін алған Атырау облыстық ішкі саясат басқармасы бастығының орынбасары Алмаз Кәрімжанұлы Кәрімжанов өз баяндамасында еліміз тәуелсіздік алып, өркендеген шағында да тәртіп бұзушылық пен қылмыстың азаймай тұрғандығын айта келіп, бұған қоғамның қалай болғанды да тосқауыл қоюы тиіс екенін алға тартты. Алайда, құқық қорғау органдары қылмыстың алдын алудың орнына, тек сол жасалған қылмысқа қарсы күресумен ғана шектеліп отырғаны жасырын емес. Сонымен қатар, қазіргі таңдағы жемқорлық пен лаңкестік әрекеттердің кең етек жаюы қоғамға қатер төндіріп келеді. Осыған орай, білім беру орындарында құқық пәнінің жоғары деңгейде өткізілуіне, бұл бағытта жаңа технологиялардың енгізілуіне, жастардың

сауаттылыққа тәрбиеленуіне көңіл бөлінгені жөн. Ал мұның қоғамға игі әсерін тигізері сөзсіз.

Сондай-ақ, білім беру орындарында жемқорлыққа қарсы комиссия құрылса, ол да осы аталған қылмысқа тосқауыл болар еді, деп сөзін түйіндеп баяндамашы.

Келесі сөз кезегін алған университеттің «Жалпы құқықтану» кафедрасының меңгерушісі заң ғылымдарының кандидаты, профессор Жанна Бекболқызы Шаяхметова өзінің «Қазіргі кезеңдегі құқықтық оқытудың мәселелері» атты баяндамасын назарға ұсынды. Ол сыбайлас жемқорлықтың қоғамға тигізер зияны жөнінде студенттерге жіті түсіндіріп, оның бүгінде өзекті мәселелердің біріне айналып отырғандығын атап өтті.

Келесі кезекте университеттің «Жалпы құқықтану» кафедрасының аға оқытушысы Ғаділбек Олжабайұлы Тұрдалиев, Атырау облыстық ішкі істер департаментінің аға инспекторлары Арсат Рүстембекұлы, Ерлан Ихсанұлы Рсқалиев, Атырау облыстық прокуратурасының басқарма прокуроры Алтынгүл Махотқызы да студенттер алдында өз пікірлерін ортаға салды.

Шара соңында университеттің тәрбие ісі жөніндегі проректоры, тарих ғылымдарының докторы Аққали Қабиханұлы Ахмет қатысушыларға алғыс айтып, жиынды қорытындылады.

Диас НАУРЫЗӘЛІ,
журналистика мамандығының
студенті

ҰСТАЗ-ҰЛЫ ТҰЛҒА



Университетте өзінің ізденісті еңбегімен студенттерге сапалы білім, саналы тәрбие беріп жүрген ұстаздар көптеп саналады. Солардың бірі-информатика кафедрасының доценті Құтқожина Бақытжамал Жұмабайқызы.

Бақытжамал Жұмабайқызы Атырау облысы Мақат ауданындағы Абай атындағы орта мектепті үздік бітірген. Сол кездегі жастар сияқты арман қуып Алматыдағы Абай атындағы педагогикалық институтының математика факультетіне оқуға түсіп, жоғарғы оқу орнын 1977 жылы бітіріп шығады. Жас маман өзінің еңбек жолын түлеп ұшқан Абай атындағы орта мектепте математика пәнінің мұғалімі болып бастады.

1981 жылдан бері облысымыздың білім ордасының қара шаңырағы Атырау мемлекеттік университетінде жұмыс жасап келеді. Осы

жылдар ішінде үнемі ізденіспен еңбек етіп, көптеген жетістіктерге жеткен ұстаз.

Қазіргі заманның талабына сай жаңа ақпараттық технологияларды меңгеру жолында студенттерге дәріс беріп келеді. Ұстаздың әрбір сабағы мазмұнды, ұғынықты өтеді. Доцент Б.Құтқожинаның ғылыми мақалалары халықаралық, республикалық ғылыми конференциялар жинақтарында жарық көрген және бірнеше оқу құралдарының авторы. Солардың ішінде «TURBO PASCAL 7.0 программалау бастамалары» атты оқу құралын атап өткен жөн.

Ардақ БАТЫРХАНОВ,
информатика кафедрасының оқытушысы

МАҢЫЗДЫ МІНДЕТТЕР МЕЖЕЛЕНДІ



Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев жыл сайынғы Қазақстан Халқына Жолдауында елдің саяси,

экономикалық, әлеуметтік-мәдени тіршілігінің негізгі бағыттарын айқындап келеді. Сан-саланы қамтыған Жолдаудың негізінде бағыт-бағдарымыз анықталып, жақсы нәтижелерге қол жеткізілуде. Елбасы ұстанған саясатының дұрыстығын халқымыз мемлекетіміздегі өркенді өзгерістер арқылы көріп отыр. Халықтың әлеуметтік жағдайы жылма-жыл жақсара түскені осының айқын дәлелі. Күні кешегі жолдауында еліміздің экономикасы 7,2 %-ға өскенін, дегенмен, «күрмеуі қиын, қайшылығы мол қоғамда өмір сүріп отырмыз», - деп атап көрсетіп, дүниежүзілік дағдарыстың алдағы 5-6 жылға созылатындығын да қаперге берді.

Президентіміздің биылғы Жолдауы – халықты жұмысқа орналастыру, тұрғын үймен қамтамасыз ету, өңірлерді дамыту мәселесі, халыққа қызмет көрсетуді жақсарту, соттардың қызметін реформалау, білім беру мен денсаулық сақтаудың сапалық деңгейін көтеру, зейнеткерлік жүйені жетілдіру, индустриялық-инновациялық бағдарламаны дамыту, адами капиталдың құндылығы салаларына арналғандықтан, өзекті жағдайларға жан-жақты шолу жасап, алдағы мақсаттарымызды айқын көрсетумен ерекшеленді. Экономикамыздың әрі қарай дамуы 2020 жылға дейінгі стратегиялық жоспарда көрсетіліп, бұрын аса назарға алына бермейтін салаларды дамытуға нақты қадамдар

ұсынылып, әр салаға айырықша тоқталумен маңызды болды.

Білім сапасын көтеріп, мұғалім беделін арттыру, жалақыларын еселей түсу соңғы жылдары Елбасы жолдауында үнемі айтылып келеді. Бұл салада атқарылған шаруалар жетерлік. Ел Президентінің пайымды саясатының арқасында білім қызметкерлерінің кешегіден бүгінгі көш иелері.

Ал, Елбасының биылғы Жолдауында білім беру саласына ауқымды міндеттер жүктелді. Ең алдымен, педагогикалық кадрлар құрамының сапалық деңгейін көтеруге қажет. Сонымен бірге, жастардың білім алуына қол жетімділік туғызуға тиістіміз. Осы бағытта «студенттік үй» бағдарламасын толықтай іске асырып, өндірістен қол үзбей білім алуына жағдай туғызып, жаңырықтан оқыту технологиясын енгізілуі керек. 2015 жылға қарай біздің университетіміздің студенттері жатақханамен 80%-ға жуық қамтамасыз етіледі. Биылғы Жолдауда айтылғандай, білім берудің технологиясы мен әдістемесін дамыту-негізгі міндетіміз. Барлық оқу орындарында жастардың отансүйіштік, елге қызмет ету қасиеттерін бойына сіңіре білуіміз – негізгі тәрбиелік критерий болып саналады.

Елбасы жолдауында қаралған маңызды мәселелердің бірі – жоғары оқу орнын бітірген

мамандарға біліктілік беру. Осы бағытта жоғары оқу орнын бітірген мамандарға біліктілік берудің тәуелсіз жүйесі енгізіледі. Білім берушілердің қауымдастығы құрылуы керек. Бұл қауымдастық арнайы комиссия құрып, жас маманның өз кәсібін шеберлігі жөнінде біліктілік стандартын тағайындайды. Жақында өткен университетіміздің ғылыми кеңесінде талқыланғандай, 2012 жылдан бастап осы жүйенің бір тетігіндей болып көрінетін қашықтықтан оқыту технологиясы енгізіліп, сырттай білім алу тоқтатылады.

Болашақта адами капиталды дамытуға да ерекше мән берілмек. Себебі, Қазақстан адами капиталды дамыту бағытында дүниежүзі бойынша 82-ші орыннан 16-шы орынға табан тіреді. Алдағы уақытта да бұл үрдіс жалғасын табуға тиісті.

Елбасы Жолдауында халыққа сенім білдіріп, болашақты бірге қалауға бар күш-жігерін аямайтындығын, халқын жанындай жақсы көретіндігін тебірене айтты. Мұны біз де үлкен жүрекпен, ыстық ықыласпен қабылдадық. Жолдауды іске асыруда бір отбасының баласындай ел болып жұмыла кіріссек, тәуелсіз Қазақстанның биік шыңдардан көрінетініне кәміл сенеміз.

Б.САЙЛЫБАЕВ,
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау
мемлекеттік университетінің оқу ісі жөніндегі
проректоры

ГЛАВНЫЙ КРИТЕРИЙ ОЦЕНКИ РАБОТЫ ВУЗА – РАЗВИТИЕ НАУКИ



Немногом больше месяца в нашем университете создан отдел координации научных исследований. С чем это связано? Прежде всего, с требованием времени. В нашей стране все шире реализуются идеи модернизации системы образования. Приняты новые законы, среди которых Закон «О науке», внесены существенные изменения в Закон «Об образовании». Определены

дальнейшие пути совершенствования системы образования в Послании Президента Республики Казахстан – Лидера Нации народу Казахстана «Социально-экономическая модернизация – главный вектор развития Казахстана». Выступая на совещании по развитию науки, Министр образования и науки РК Б.Т. Жумагулов выделил основные направления совершенствования научной деятельности, которые требуют особого внимания, среди которых участие в исследовании глобально-глобального уровня. Важнейшим показателем результативности в этом случае является число публикаций в высокорейтинговых журналах. Наш университет заключил договор с Thomson Reuters, с АО НЦНТИ по Сайнс - это обеспечит доступ к международным ресурсам научно-технической информации и возможность публикаций в рейтинговых международных журналах. Вместе с тем, ведутся исследования для поднятия общего качественного уровня казахстанских журналов. Здесь хочется отметить необходимость расширения состава редакционной коллегии нашего журнала «Вестник АГУ им. Х. Досмухамедова», привлечение сотрудников, занимающихся повышением качества печатного материала, активного привлечения публикаций из стран дальнего и ближнего зарубежья. Предполагается значительно увеличить бюджетные расходы на финансирование перспективных научных исследований через выделение грантов. В системе образования внедрено грантовое, базовое и программно-целевое финансирование. Механизм выделения грантов совершенствуется. Для участия в конкурсах необходимо пройти аккредитацию ученого

как физического лица. На сегодня подали документы на аккредитацию 11 ученых нашего университета. Проходит аккредитацию и университет. Это открывает новые возможности для ученых. Мы располагаем хорошим потенциалом в исследованиях по сельскому хозяйству, историко-археологическому направлению, филологическим, педагогическим наукам, микробиологии, нефтехимическим исследованиям. По итогам республиканского конкурса «Лучший преподаватель вуза-2011» в число 200 лучших в стране вошла преподаватель биологии Атырауского государственного университета им. Х.Досмухамедова доктор биологических наук, профессор С.Сагындықова. С чем мы от всей души поздравляем Софью Зулхарнаевну, человека активно работающего не только со студентами, но и выигравшей конкурс на грантовые исследования.

Наши психологи могут оказать практическую помощь жителям региона, доктора и кандидаты педагогических наук могут реализовать свой потенциал как в направлении повышения квалификации учителей города, так и в оказании образовательных услуг для учащихся. Основной проблемой в этой работе, на мой взгляд, является инертность и безынициативность. Только сам ученый своей деятельностью может привлечь общественность к своей работе, может зажечь идеей молодых исследователей, привлечь средства для ее реализации или проведения дальнейших исследований.

Главным критерием оценки работы вузов будет считаться уровень развития науки и привлечение к ней молодых кадров. Особо следует уделить внимание ра-

боте с молодыми. Отдел координации научной деятельности видит свою задачу в поддержке и координации деятельности студентов и магистрантов, имеющих потенциал и желание к научно-исследовательской работе. Здесь одной из проблем является упразднение отдела магистратур. Разрозненность и отсутствие общего руководства и контроля понижает качество магистерских работ и затрудняет поддержку и продвижение научных исследований. Молодые преподаватели должны быть более активны. Для стажировки молодых ученых предполагается знание иностранных языков. К сожалению, это проблема для многих молодых преподавателей, а решением ее они не торопятся заниматься. Наша задача заинтересовать их и помочь в повышении квалификации и качества исследований, увеличении количества работ в области актуальных, конкурентно-способных научных направлений. В нашем университете работают 25 докторов наук и 132 кандидата наук - это большая сила, способная активизировать и помочь молодым ученым развивать современные направления науки. Созданы 6 научных центров, работающих на общественных началах, необходимо активизировать их работу, пересмотреть подход к организации их деятельности, привлечь к работе молодых ученых и магистрантов.

Исходя из задач, поставленных перед системой образования, можно говорить о том, что основные вопросы, которыми предстоит заняться, это: «Что изменить?» и «Как изменить?». Одним из таких решений является необходимость создания новой, инновационной структуры управления и координации научной деятельности университета. Данную необходимость видит и ректор, профессор Б.Мамраев, поэтому надеемся, что эта работа недалека будущего.

Т.А.КАРАЖИГИТОВА,
начальник отдела координации
научных исследований

БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ: ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАР



Мемлекеттің негізгі даму бағыттарын алдағы уақытқа анықтайтын стратегиялық құжат болып табылатын Елбасының биылғы Жолдауы Қазақстан қоғамын әлеуметтік-экономикалық жаңғыртуға бағытталған дамудың негізгі бағытын белгілеп берді. Президенттің биылғы Жолдауының басты ерекшелігі – елімізді әлеуметтік-экономикалық жаңғырту жолындағы нақты мәселелерді шешуге негізделуінде болып отыр.

Қазақстанда инновациялық дамуға қашаннан бастап мән беріле бастады? Біздің ойымызша бұл мәселе ең алғаш 1997 жылғы Елбасының «Қазақстан – 2030» Даму стратегиясында көтерілген болатын. «Қазақстандық Барыстың бойында дамудың алдыңғы қатарлы үздік деңгейіне үйлестірілген Батыстың талғампаздығы да, Шығыстың кемеңгерлігі мен төзімділігі де тән болуға тиіс», - деген еді сол стратегияда мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев.

2004 жылы «Үстіміздегі жылдың маусым айында Қазақстан Үкіметі өзінің кезекті мәжілісінің бірінде

еліміз үшін болашағы үлкен аса маңызды мәселені қарады. Ол ұлттық инновациялық жүйе құру жөніндегі мәселе еді» делінген үкімет отырысынан берілген «Барыстың бұлқынуы» атты хабарда.

Міне, содан бері де 8 жылдай уақыт өте шықты. Осы уақыт аралығында атқарылған жұмыстардың ауқымдылығын біз өткен жылдың соңына таман Астанада өткен инновациялық форум кезінде байқадық. Сол форумда негізгі баяндаманы жасаған Премьер-Министрдің орынбасары – Индустрия және жаңа технологиялар министрі бүгінгі күні елімізде инновацияны қолдауға қажетті инфрақұрылымның құрылғандығын, соның ішінде Ұлттық инновациялық қор, Ғылым қоры, Қазагроинновация, венчурлық қорлар, өңірлік технопарктер, коммерцияландыру офистері, салалық конструкторлық бюролар және технологиялар трансфертінің халықаралық орталығы секілді ұйымдардың жұмыс істеп жатқандығын, Инновациялық технологиялар паркі бірінші кезегінің құрылысының басталғандығын атап көрсеткен болатын. Мұның ішінде Ұлттық инновациялық қор жұмысының уақыт өткен сайын кең ауқымға ие болып, еліміздегі инновациялық үдерістердің қозғаушы күшіне айналып келе жатқандығын айтуға болады. Ел Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған жоғарыдағы инновациялық форумның өзі осы қордың ұйымдастыруымен өткен болатын.

Елімізде жүзеге асырылу үстіндегі индустрияландыру ісінде инновациялық үдерістердің қанат жаюына ерекше мән берілген. Бұл бағдарламаның «Еліміздің 2014 жылға дейінгі индустриялық – инновациялық даму бағдарламасы» деп нақты аталуының өзінде де үлкен мән бар. Өйткені, осы бағдарлама аясында іске қосылып жатқан өндіріс орындарының басым көпшілігі алдыңғы қатарлы жаңа технологиялармен жабдықталған. Бұлар болашақта елімізде іске қосылатын автоматтандырылған

зауыттар мен фабрикалардың ізашар жобалары болып табылады. Мұндай өндіріс орындарында жұмыс істеу үшін адамның ерекше білікті, білімді болуы қажет. Ал кәсіптік шеберлікті қамтамасыз етудің бір жолы адамдарды оқытып үйрету, жаңа мамандыққа бейімдеу болып табылады. Бұл мәселе біздің елімізде жұмыспен қамтудың жаңа стратегиясы арқылы өріс алып келеді. Сонымен қатар, «Болашақ» бағдарламасының аясында көптеген жастардың шетелдің озық оқу орындарында білім алуға жіберілуі, елімізде Назарбаев университетінің ашылып, интеллектуалдық мектептердің құрылуының да маңызы зор. Міне, осы шаралардың барлығы болашақта еліміздің инновациялық тұрғыдан дамуына үлкен ықпал ететін болады. Жоғарыда инновациялық үдерісті ілгері жылжытатын тиісті инфрақұрылымның құрылғандығын айтып өттік. Міне, соның нәтижесінде 2010 жылы төрт бағыт бойынша инновациялық гранттар берудің кестесі іске қосылды. Оның тиімділігіне осы гранттарды алуға өтініш берушілер санының 2011 жылы екі есе өскендігі дәлел бола алады. Сондай-ақ осы іске бөлінген 7,5 миллиард теңгені игеруге келіп түскен өтініштер ауқымы 65 миллиард теңгені құрғандығын айта кетсек артық болмас. Демек, ел азаматтарының бойында инновациялық үдеріске қатысуға деген құлшыны жетерлік, яғни, аталған істе ел халқының ерік-жігері байқалып отыр деп айта аламыз.

Технологияларды коммерцияландыру жүйесі де толық мәнінде іске қосылды. 2010 жылы Технологияларды коммерцияландыру жүйесін үйлестіру орталығы құрылған болатын. Оның жұмысының нәтижесінде 7 университет пен 2 ғылыми-зерттеу институтының базасында коммерцияландырудың 9 офисі жұмыс істей бастады. Олар коммерцияландыру жөніндегі қызметті алуға келіп түскен 74 жобаның арасынан 18-ін таңдап алып, осы бойынша жұмыстар жүргізуде. Технологиялар трансфертінің ынталандыру үшін инновациялық

инфрақұрылымдар қызметі кеңейтілді. Қазақстанның көптеген қалаларында (Астана, Петропавл, Өскемен, Атырау және т.б.) көлік және мұнай-газ, машина жасау саласының, тау-кен металлургия құрылдары өндірісінің конструкторлық бюролары құрылды.

2007-2011 жылдар аралығында өнеркәсіп өнім көлемі 3 есеге, мұнай өндірісі – 55 пайызға, газ – 92 пайызға, инвестиция – 1,4 есеге өсіп, 2 млн. 658 мың шаршы метрден астам тұрғын үй, 200-ден аса білім, денсаулық, мәдениет, спорт объектілері, жүздеген шақырым ауыз су, табиғи газ, жарық, жылу, канализация, жол салынып, одан да басқа халыққа қажетті көптеген әлеуметтік нысандар іске қосылғандығын және Атырау өңірі үшін өзекті 15 бағдарлама қабылданғандығын, ал 2011-2015 жылдарға арналған аймақтық дамыту бағдарламасы қабылданып, іске асырылуы жоспарланғандығы туралы аймақ басшысы, облыс әкімі Б.С.Рысқалиев халыққа мәлімдеген болатын.


Инновациялық үдерістердің өркен жаюында басты тұлға жеке адам және оның бойындағы шығармашылық қабілеті мен таланты екендігі белгілі. Бұл өте күрделі мәселе. Дегенмен, оның жолын қалайда тауып, осы іске түрткі болуымыз керек. Сонда ғана елімізде шынайы ғылыми және өнертапқыштық жаңалықтар кең өріс алатын болады. Ал мұндай адамдардың елімізде аз емес екендігі белгілі. Әдетте өнертапқыштық қабілет қарапайым адамдардың бойында бұғып жатады. Ол өмірге өз жолын тапқан кезде қуатты күшке ие болады. Мәселен, Батыс елдеріндегі индустриялық дамуға үлкен ықпал еткен өнертапқыштық жаңалықтардың өзі елеусіз бір гараждарда жеке адамның немесе үш-төрт адамның күш біріктіріп, әлденені ойластырып, құрастыруынан бастау алған. Бірте-бірте ол іс үлкен зауытқа, фабрика мен комбинатқа дейін шарықтап жаңа технологияның негізін қалаған.

2015 жылға таман Қазақстандағы неғұрлым белсенді адамдардың жартысынан көбі осы үдеріске қосылады деген болжам да бар. Сонымен елімізде инновациялық инфрақұрылымдардың қалыптасуы нәтижесінде осы үдеріс барған сайын қанат жая түсуде.

Бекет КЕНЖЕГУЛОВ,
техника ғылымдарының докторы,
профессор

НАУРЫЗ МЕРЕКЕСІНЕ АРНАЛҒАН САУАЛНАМА

1. Ұлыстың ұлы күнін ресми жыл басы деп санайсыз ба? Не себепті?
2. Өткен жыл Сіз үшін қандай оқиғалармен есте қалды? Келер көктемнен не күтесіз?
3. Наурыз мейрамын қайда, қалай қарсы аласыз?
4. Сөз соңында наурыз тілегіңізді айтсаңыз.




Айнабек Отарбайұлы Тарихов Жалпы құқықтық пәндер кафедрасының аға оқытушысы.



1. Мен қазақтың жыл басы Наурыз мерекесін ресми жыл деп есептеймін. Себебі, Наурыз мерекесі қазақтың қазақ болғалы тойлап жүрген ұлттық нақышы бар мерекесі. Өзіндік ерекшелігі бар, әдет – ғұрпы сақталған, қазақтың шынайы бет – бейнесін көрсететін мереке – Ұлыстың ұлы мерекесі Наурыз. Кішкентай кезімізде ата – әжелеріміз Наурыз мерекесін тойлағанда, қолымызға бауырсақ алып шауып жүретінбіз... Бұл қызық болатын...
2. Өткен жыл қызықты оқиғалармен есте қаларлықтай болмаса да, қазақ елі үшін Тәуелсіздік мерекесінен асқан қуаныш жоқ. «Мен қазақтың» деп соққан әрбір жүрекке Тәуелсіздік мерекесі өткен жыл естен кетпес қуаныш деп ойлаймын
3. Келер көктемнен еліміздің аман болғандығын, жұртымыздың тыныштығын, сәбилердің пәк күлкісінің естілуін күтемін. Өзге елдерде жатқан зардаптан аман – есен болайық.
4. Ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесінде баршаңызға ақ мол болсын, әрдайым дастарханымыз нанға, ырысқа толы болсын, басты байлық – денсаулығымыз мықты болсын, балаларымыз аман, бейбітшілік пен ынтымақтастық тілеймін, «Мен қазақтың» деп соққан жүрекке.

Гүлбаршын Сембергенқызы Шүйіншәліева бас оқу ғимаратының коменданты



1. Наурыз – қазақша жыл басы және шын мағынасындағы қазақтың ұлттық мейрамы. Біз бұл мейрамды ресми түрде жыл сайын тойлап өтеміз. Наурыздың жиырма екісінде күн мен түн теңеледі. Қыс өтіп, жаз жетіп шаруа кенеледі.
2. Өткен жылым жақсы табысты болды. Көптеген жетістіктерге жетіп, жақсылықтар молайды. Келер жылдан да осындай берекелі де, мерекелі күндер күтемін. Тек елімізде тыныштық болсын!
3. Бұл жаңа жылымды үйде ұлттық тағамдарымыз - наурыз көже мен бауырсақ даярлап, дастархан жайып отбасымызбен бірге қарсы аламын.
4. Келе жатқан наурыз мерекесі жаңа жылымыз құтты болсын! Барша халқымызға денсаулық, бақ- береке, отбасыларына амандық, еңбектеріне табыс тілеймін!

Сулухия Төлегенова университеттің есеп бөлімінің қызметкері

1. Наурыз мен үшін қашан да жыл басы болып есептеледі. Ал ресми жыл басы деген мәртебе беріліп жатса еш қарсылығым жоқ. Өйткені ата-бабамыз өте ерте кезден дәл осы айды құт-береке айы, молшылық, ырыс мезгілі деп бағамдайды. Оған қоса, наурыз айының кей болжамдары ғылыми тұрғыдан да дәлелденген. Мысалы, күн мен түннің теңелуінің өзі неге тұрарлық?! Ал наурыз-көже мен наурыз-бата бар жақсылықтың жаршысы ретінде көңілге оптимистік ғажайып күй сыйлайды.
2. Өткен жыл өзім үшін де, жалпы ел үшін де үлкен маңызды жаңалықтар мен жаңғыруларға толы болды. Өзімді айтпағанда, ел тәуелсіздігінің 20 жылдығы, Елбасының ерекше жолдауы біздердің қиялымызға қанат бітіріп, бойымызға бақ дарытып, басымызға бақуаттылық бауын байлағандай болды.
3. Мерекені бауырмал отбасы болып, ыстық жанұямызда қарсы аламыз. Бір сәт көптен көрмеген алыс-жақын туыстарымызбен, дос-жарандарымызбен, бауырларымызбен көрісеміз. Келіп жатқан наурыз әрбір отбасыға тек шаттық пен шат-шадыман көңіл, мол табыс әкелсін деп тілеймін. Наурыздан наурызға аман-есен жүре берейік. Ең бастысы – денсаулық. Қалған биіктер мен белестер өзіміздің қолымызда. Ел ертеңіне еңбек етіп жүре берейік!

Мерекелік сауалнаманы дайындағандар: Акерке Айтенова, Амандық Абдулов, Ерлан Тілекбабылов, Меруерт Қабылова, Нұргүл Исмагулова, Асылбай Сержанова, Торғын Жортабай.

Валентина Еркінқызы, информатика кафедрасының меңгерушісі.




1. Ұлыстың ұлы күні Наурызды ресми жыл басы деп есептеймін. Бұл мерекенің тамыры тереңде жатыр. Береке мен бірліктің, қайырымдылық пен татулықтың тұғырын нығайтатын мереке деп білемін.
2. Ел тәуелсіздігінің 20 жылдық мерей тойы қарсаңында информатика кафедрасында да жағымды жаңалықтар болды. Кафедра оқытушыларының оқу-әдістемелік құралдары монографиялары жарық көрді. Еліміз өз Тәуелсіздігінің 20 жылдығын тойлады, көптеген оқытушыларымыздың еңбектері бағаланып, марапаттауларға ие болды.
3. Наурыз мейрамын жолдасым Шахмаралдин, ұлымыз Нұрхат және тұма-туыстар, достармен бірге қарсы аламыз.
4. Ақтың молаятын, жарықтың ұзаратын, нұрдың молағатын, тіршіліктің жаңаратын, өмірдің жаңғыратын, пейілдің түзелетін, көңілдің көкжиегі кеңітін кезеңі - Өз - Наурыз құтты болсын!

Күләш Озғанбаева, кітапхана бөлімінің әдіскері



1. Наурыз-ұлыстың ұлы күні, ұлттық мерекеміз. Наурыз парсы тілінен аударғанда «жаңа күн» деген мағынаны білдіреді екен. Күн мен түннің теңелген кезінде тойланатын айтулы мерекенің қазақ үшін маңызы орасан. Мал төлдеп, шаруаның арқа басы кеңіп, аққа ауыз тиген кезеңде көптен кездеспеген ағайын көрісіп, жақсы тілектер тілеген. Жыл басын ұлыстың ұлы күні деп есептеп зор қуанышпен қарсы алған. Ежелден келе жатқан ұлық мерекемізді қастерлеу қаймана қазақтың бүгінгі ұрпағына парыз іспеттес. Бүгінде сол дәстүр ізімен жүрмей, өзге елдің мейрамын құрметтеп жүрген жандар аз емес. Атадан балаға, ұрпақтан – ұрпаққа жалғасып келе жатқан мерекеміз болғандықтан бұл мейрамды мен ресми жыл басы деп айтуға толық негіз бар деп ойлаймын.
2. Өткен жыл оң өзгерістермен есте қалды. Алдымен тұрғын үй бағдарламасы бойынша баспаналы болдым. Көптен орындалмай жүрген істердің біріне қоян жылы қол жеткіздім. Отбасын құрдым. Бір сөзбен айтқанда ескі жылы табыс жылы болды. Келер көктем бақ – дәулет, ырыс әкелсін. Халыққа жайлы болып ұлыс оңынан, ақ мол болғай. Әрине, келер ұлу жылынан тек жақсылықтар күтемін.
3. Әдетте наурыз мерекесін үйде отбасыммен қарсылаймыз. Келіп жеткен Жаңа жылды наурыз көже мен бауырсақ пісіріп, үлкен дастарханмен қарсы аламыз. Біздің шаңырағымызда наурыз көже жомарттықтың, қонақжайлылықтың бір көрінісі ретінде қалыптасқан. Халқымыздың орындалып жүрген салт-дәстүрлері біздің шаңырағымызды да айналып өтпейді. Сол күні ағайын-туыс, дос-жарандармен үстел басына жиналып тойлаймыз.
4. Тәуелсіздіктің ақ таңында наурыз мерекесін бейбіт халқымызбен бірге қарсы алғанға не жетсін! Әрқашан таңымыз арайлы, күніміз шуақты, жүзіміз жайдары болсын.

Сәуле Қожырқызы Макенова Шетел тілдері кафедрасының меңгерушісі



1. Әрине Наурыз ұлыстың ұлы күнін ресми жыл басы деп есептеймін. Халқымыздың ежелден желісі үзілмей жеткен көне салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптың рухани, мәдени және адамгершілік дүниеміздегі қымбат қазыналарымыздың бірі. Наурыз-бірліктің, татулықтың, ізгіліктің, бақыттың мерекесі.
2. Мен үшін өткен жыл есте қаларлық жыл болды деп айта аламын. Себебі кафедрада алты мұғалім аға оқытушылық қызметін алды. Атқарып жатқан қызметіме байланысты үкімет маған жер беріп, сол жерге үй тұрғызудамын. Ең қуаныштысы немерелі болдым. Ал келер жылдан тек жақсылықтар, жақсы жаңалықтар күтемін.
3. Наурыз мерекесін өз туған жерімде қызметтестеріммен, достарыммен және отбасыммен қарсы аламын. «Ұлыстың ұлы күні қазан толса, сол жылы ақ мол болады» дейді. Киіз үй құрып, қой сойып, соғымнан қалған сүр етті қосып, жеті дәмнен Наурыз көже, бауырсақ пісіреміз.
4. Ұлыстың ұлы күні елімізге, жерімізге құт- береке ала келсін. Жарқын өмірдің бастамасы болып саналатын осы көктем мерекесі елімізге мол қуаныш пен бақыт әкелсін! Наурыз әр отбасында келісімнің, сыйластықтың, құрмет пен сүйіспеншіліктің дәнекері болғай! Ұлыс оң болып, әрбір күніміз Наурыз күніндей шуақты болсын!

Роза Муликова, офис – менеджер



1. Қазақтың түсінігінде, «Наурыз-Ұлыстың ұлы күні» деген ұғымды береді. Себебі бұл айда күн мен түн теңеліп, төрт түлігіміз төлдеп, халық наурыз көжеден дәм татып, қыстай бірін- бірі көрмеген ағайын көрісіп, бір-біріне жақсы тілектерін арнайды. Сол себептен де халық арасындағы «көрісу» салты осыны көрсетеді. «Наурыз оң болсын, ақ мол болсын» деген халықтық тіркес Наурыз айы құт-берекенің бастауы дегенді білдірсе, шынында да жер көктеп, ағаш бүр жарып, айнала жаңа тіршілігіне кіріседі. Қазіргі таңда өз елімізде өзге елдердің мерекелері ерекше тойланып, оларға ерекше назар аударылып жатырғаны жасырын емес. Жат елден келген жаңа жылды от-шашумен думандатқанша, көзе кезінде киіз үй мен алтыбақаны сайын далаға жалғасқан ұлттық мейрамымызды дүркіретіп атап өтпеске. Алла тағаланың берген нәсібесі арқасында осындай ашық күн астында өзіміздің қазақ иісін шығарар атаулы күндерімізді тойласақ нұр үстіне нұр болар еді. Мен үшін Наурыз мейрамы ресми жыл басы болып қала бермек.
2. Өткен жыл еліміз үшін де, өзім үшін де тек игі істермен есімде. Қоян жылында еліміз Тәуелсіздігіміздің торқалы 20 жылдығын тойлаған болатын. Елімізге кіргелі отырған жаңа жылымыз тек құт-береке әкелсін. Ал өзім осы келер көктемнен жүрегіме имандылықтың нұрын себуін күтемін. Жаным нұрланып, рухым биіктеп, табандылығыммен тәтті етсем деймін.
3. Наурыз мейрамын үйде отбасыммен қарсы аламын. Келер жаңа жылды мерекелік дастархан жайып, ұлттық тағамдарымызбен бірге наурыз көже әзірлеп күтеміз. Осылай әр жылды тәуелсіз бейбіт елімізде тойлап жатқанымыз үшін Жаратқанға мың да бір шүкір. Жаңа жылымыз әр шаңыраққа құт- береке болып қонсын.
4. Тәуелсіздігіміз баянды болып, бейбіт өмір сүруді Алла Тағала нәсіп етсін. Деніміз сау, еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын. Наурыз баршаңызға құтты болсын.



ТАУ ТҰЛҒА

талдау жасап, әр гектар жердің тиімділігін арттыру бағыттарына ғылыми түрде батыл ұсыныстар енгізді.

Ауыл шаруашылығы саласындағы жинақталған іс-тәжірибе мен басқару орындарындағы ұйымдастыру шеберлігі оның облыстық Кеңес атқару комитеті төрағасының бірінші орынбасарынан облыстың ауыл шаруашылығы басқарма бастығы лауазымды қызметке дейін көтерілуіне негіз болды. Бұл экономика дамуының жаңа кезеңі – арендалық – мердігерлік әдістерді өндірісте қолдану, халықтың әлеуметтік – экономикалық тұрмыс-мәдениетін көтеру бағыты болды. Аудан, облыс шаруашылықтарында мал басын өз төлі есебінен көбейту, оған тұрақты жем-шөп базасын жасақтау, шаруашылық есепті нақты енгізіп, арендалық-мердігерлік әдісті жете меңгеріп, табыс көзін молайтуға баса назар аударылып, тәжірибелік жұмыстар жүргізілді.

Бақтыбек Жұбандықұлының экологиялық және экономикалық бағыттардағы көптеген ғылыми еңбектері мен практикалық қызметтеріндегі бай тәжірибелерінің жемісі жоғары экономикалық білімді мамандар дайындауға белсене қатысуынан көрінеді. Сондықтан ол ұзақ жылдар бойы ауыл шаруашылығы өндірісін ұйымдастыру қызметін, осы саладағы ғылыми-зерттеу жұмыстарымен тығыз байланыстырып, оны үздіксіз ұстаздық әтумен нәтижелі ұштастыра атқарып келе жатқан ғалым-ұстаз.

Ол 1991-1992 оқу жылынан бастап Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің Экономика факультетінде студенттерге экономикалық теория және табиғатты пайдалану экономикасынан дәріс жүргізіп келеді.

1992 жылы «Ғылыми-техникалық прогресс негізінде Қазақстанның аридты аймақтарындағы

қой шаруашылығы дамуының экономикалық тиімділігі» атты тақырыпта кандидаттық диссертацияны ойдағыдай қорғап, экономика ғылымдарының кандидаты дәрежесіне ие болды. Университетте Экономикалық теория кафедрасының аға оқытушысы, доцент, кафедра меңгерушісі, 2002-2006 жылдары Ғылыми жұмыстар және халықаралық қатынастар жөніндегі проректоры лауазымдарында қызмет етті.

2005 жылы Ресейдің ауыл шаруашылығы академиясының Ростов қаласындағы аймақтық ғылыми-зерттеу институтының диссертациялық кеңесінде «Еділ-Жайық аралығындағы табиғи жайылымдардың өнімділігін арттыру бағытында топырақты негізгі өңдеу әдістері» атты тақырыпта докторлық диссертациясын сәтті қорғап, ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы дәрежесіне ие болды.

Еділ-Жайық өзендері аралығындағы Қазақстанның аридтік жайылымдарын түбегейлі жақсартуда топырақтың құнарлығын арттыру, Еділ-Жайық құмдарындағы аридтік жайылымдарды экономикалық бағалау, Атырау табиғаты және оны қорғау, облыстың мал шаруашылығын дамыту негізі ретінде табиғи жайылымдардың ролі, құмды далалардағы жайылымдарды басқару және рационалды пайдалану, ауыл шаруашылығын химияландыру мәселелері бойынша 70-тей ғылыми мақала және 3 монография жарық көрді.

Бүгінгі күні Х.Досмұхамедов атындағы АТМУ-дің профессоры, Алматы қаласындағы «Еңбек және әлеуметтік қатынастар» академиясының профессоры, Санкт-Петербург қаласындағы психология ғылымдарының халықаралық академиясының корреспондент мүшесі, Қалмақ мемлекеттік университетінің «Солтүстік-Батыс Каспий өңірі экологиясын сақтау проблемалары» ғылыми журналының редколлегия мүшесі.

2006-2010 жылдар аралығында Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті Экономика факультетінің деканы болып еңбек етті, ал 2010 жылдың қыркүйек айынан бері осы

университет жанындағы Агроэкономикалық ғылыми-зерттеу орталығының директоры болып қызмет атқарады.

Бойына иман ұялаған, адамшылығы мол Бақтыбек Жұбандықұлының жауапты да абыройлы еңбекке толы, қоғамдық-саяси оқиғаларға бай өмір жолы үлкенге мақтан, кішіге өнеге. Еңбегі ескерусіз, елеусіз қалмағанының дәлелі ретінде әр жылдары алған марапаттарынан көруге болады. 1976 жылы «Құрмет белгісі» орденімен, 2005 жылы «Тыңға 50 жыл» медалімен, 2006 жылы «Қазақстан Республикасы ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін», 2010 жылы Ы.Алтынсарин атындағы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің төсбелгісімен, 2011 жылы Қазақстан Республикасы кәсіподақтарының «Даңқ» медалімен марапатталған. Индер ауданының «Құрметті азаматы».

Еліміздегі түбегейлі экономикалық реформа негізінде нарықтық қатынастарды дамытып, Тәуелсіз Қазақстан Республикасы экономикасының нығайып өркендеуіне білімін, күш жігерін аямай еңбек етіп келе жатқан абыройлы азаматтардың бірі. Бақтыбек Жұбандықұлы отбасының парасатты басшысы. Жұбайы Сәуле апай екеуі ұлды ұяға, қызды қияға қондырған бақытты ата-ана. Немерелер мен жиендерін тәрбиелеп отырған ұлағатты Ата.

«Ақырын жүріп, анық бас, Еңбегің кетпес далаға. Ұстаздық еткен жалықпас, Үйретуден балаға», - деп ұлы Абай айтқандай, өзінің дүбірлі еңбекке толы өмірін ұстаздық арнаға тоғыстырған, өмірлік бай тәжірибесі мен білімін жас ұрпақ санасына дарыта білген Бақтыбек Таубаевтың өмір жолы кейінгі болашағы алда біз сияқты жастар үшін өнеге екені даусыз.

Самал АЛЬДЕШОВА,
қаржы және несие кафедрасының аға оқытушысы, экономика магистрі

Ұлағатты ұстаз – ғалым, ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, облыста көп кездесе бермейтін мамандық – «топырақтану-агрехимия» маманы Бақтыбек Таубаев.

Бақтыбек Жұбандықұлының «топырақтану-агрехимия» мамандығын таңдауының өзі тектен тек емес.

Сондықтан болса керек, жоғары оқу орнын бітіргеннен кейін, 1964 жылы еңбек жолын мамандығы бойынша облыстық агрохимиялық лабораторияға жетекшілік етуден бастады. Бұл жұмыста өзінің алғашқы қадамын облыс ауыл шаруашылығы саласын жүргізудегі әр аймақтың жер құрылымы мен табиғат жағдайларына



«Өмір-өзен» деп бекер айтылмаған. Толқындай аққан күндер зулап, көзді ашып-жұмғанша білінбей өтуде. Бүгінгі менің әңгімеме арқау еткелі отырған кейіпкерімнің бейнесі мен үшін ерекше жарқын, белесі биік.

Тіршіліктің бар тынысын адалдық пен тазалықта деп таныған осынау келбеті келісті,

ЖАЙСАҢ ЖАНДЫ ҰСТАЗ

сөзі нық, көңілі көрікті, ойы көркем Айкүміс Қыдырбайқызы 1952 жылы 14 наурызда Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Сүйінбай Аронұлы атындағы кеңшарда туған. Ол өз әңгімесінде:

«Әкем бала кезімізде інім екеуімізді жанына отырғызып алып, ауыз әдебиетінің сөз мәйегі төгілген батырлар жыры мен алыптар жайындағы ертегілерді жатқа айтатын. Сонау ата-тегімізді де Шапыраштының Таңатар деп аталатын бір бөлігінен тараған, ұлы бабамыз алып Бәйтеректей Құдайбердінің бір ұрпағымыз ғой дейтін әкем Қыдырбай өзіме тау тұлғалы Толағайдай көрінетін еді. Жоғары білімі болмаса да ойы көшелі, ел жұртына ақыл айтар ақсақал боп өмірден өтті деп еске алады. Әсіресе, әкем өз әкесі Бүркітбай, атасы Медетбек жайында көп айтушы еді. Ағасы Шаяхмет екеуі өздерін батырдың ұрпағымыз деп мақтанып та қоятын. Ал анам Мәукен Анарқұлқызы төретұқым деген рудан. Әкемнің қасы мен қабағына қарап төредей-ақ күтетін. Әйел болып біреудің сыртынан ғайбат сөз айтып көрген емес. Біреудің айтқанын біреуге жеткізуді білмейтін. Естісе де естімеген адамдай жүре беретін. Сол үшін анамды ауылдың үлкені де, кішісі де қатты сыйлайтын.

Арманын аялаған балғын қыз Алматыдағы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика мамандығына оқуға түседі. Университетті тәмамдаған соң жолдамамен Маңғыстау облыстық «Коммунистік жол» газетіне тілші болып орналасады. Осы жерде жан жолдасы Құлшарап ағайға кездесіп, жанұялық өмір басталады. Отбасылық тірліктің мәнді де, сәнді болуына бар жағдайды жасап, келген әулетінің ырыс-ынтымағын келістіре

білді. Перзенттерін аналық мейіріммен аялай жүріп, үйіне келген ағайын-туыстың, дос-жолдастарының бабын тауып, әрдайым жан жылуын төге білген отанасы. Жаны жомарт, пейілінің кеңдігі жаңуа достарының көп болуының куәсі іспетті. Өнегелі еңбек жолында Атырау облыстық мәдениет басқармасында, облыстық телерадио компаниясында редактор қызметін атқарды. 1993 жылы Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетіне жұмысқа ауысып, бастауыш мектеп педагогикасы мен әдістемесі кафедрасына жұмысқа қабылданады. 1995 жылдан тарих-филология факультетінің қазақ әдебиеті кафедрасында еңбек етеді. 2010 жылдың наурыз айынан қыркүйек айына дейін осы факультеттің филология кафедрасының меңгерушісі болды, 2010 жылдың қыркүйек айынан бастап «Қазақ әдебиеті және журналистика» кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарады. Бүгінгідей мерейлі жасқа толған сәтте Айкүміс Қыдырбайқызының ұстаздық еңбегі мен жастарға үлгі боларлықтай тәрбие бағытында атқарған істері өз алдына бір төбе. Студенттерге «ұстаз» ғана емес, анасы тәрізді әрдайым мейірімін төгіп, қажет болғанда сыр бөлісіп, қиындыққа тап болса көмегін де аямайды. Ұстаздық жұмысын жасай жүріп, ғылыммен айналысуды да қолға алды. Инемен құдық қазғандай маңдай тер төккен еңбегінің арқасында «Жамбыл шығармашылығының зерттелу тарихы» деген тақырыпта 2001 жылы кандидаттық диссертация қорғады. Бұл тақырыптағы бірқатар мақалалары мен оқу құралдары қазіргі кезеңде студенттерге оқу үрдісінде қолданылуда. Филология

ғылымдарының кандидаты, доцент Айкүміс Қыдырбаева филология және журналистика мамандықтарының студенттеріне «Жаңа дәуірдегі қазақ әдебиеті», «Радиожурналистика», «Журналистикаға кіріспе» пәндерінен дәріс жүргізуде. Ол өзін тәжірибесі мол, жоғары кәсіби білімді маман екендігін көрсетті. Доцент А.Қыдырбаева өткізген дәрістер теориялық тереңдігі, мәнділігі, ұстамдылығы жағынан жоғары мектеп талаптарына сай. Тәлімгер ұстаз А.Қыдырбаева 2005-2008 оқу жылдарында Ресей Федерациясының Астрахань мемлекеттік университетінің шақыруы бойынша филология факультетінің «Қазақ тілін орыс мектебінде оқыту» мамандығы студенттеріне қазақ әдебиетінен дәрістер оқыды.

Айкүміс Қыдырбайқызы ғылыми-педагогикалық қызметін қоғамдық жұмыстармен жақсы ұштастыра біледі. А.Қыдырбаева ғылыми конференцияларға қатысып, ғылыми баяндамалар жасап келеді. Солардың бірі Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институтында өткен «Қазіргі дәуір және Байғанин тану мәселелері» атты аймақтық ғылыми-практикалық конференцияның пленарлық мәжілісінде баяндама жасады. Республикалық, аймақтық ғылыми конференциялардың жинақтарында мақалалары тұрақты жарияланып келеді. А.Қыдырбаева адамгершілігі мол, парасатты ұстаз, білікті ұйымдастырушы.

Үлкен әулеттің тірегі Құлшарап Сүйесінұлымен екеуі ұлдарын өсіріп, тәрбиелеп отырған мәуелі Бәйтеректей отбасының иесі. Мерейлі жасыңыз құтты, қызықтарыңыз ұзағынан болғай!

Л.Қ.МАЖИТОВА,
қазақ әдебиеті және журналистика кафедрасының аға оқытушысы



КРАСИВАЯ, УМНАЯ, ИНТЕЛЛИГЕНТНАЯ

мы отмечаем замечательные праздники – Международный день 8 Марта и Наурыз.

Каждый из нас спешит поздравить своих любимых родственников, преданных друзей, уважаемых коллег.

В праздники мы вспоминаем и бесконечно благодарим дорогих нам людей за то, что они есть рядом с нами.

Через нашу университетскую газету я с огромным удовольствием хочу поздравить с наступившей весной Саню Кожантаевну Кенжегалиеву. Это имя не занесено в списки знаменитостей, но все, кто знает её и учился, работал и сейчас учится у неё, работает с ней, могут с уверенностью сказать: Это Учитель с большой буквы, всю свою жизнь посвятивший педагогическому труду, настоящий профессионал.

Она работает в нашем университете более 30 лет,

«...Но взгляд всё так же свеж, и голос чист, И пламя чувств, и поднебесье мыслей. И лёгкий шаг, и взмах ресничек быстр, И страсть сильней, и смех ещё искристей. Ей каждый год - признание в красоте. Ей каждый миг - любви прекрасный свет».

Всю свою жизнь она преподаёт русский язык. Работая в школе (Кенжегалиева С.К. была лучшим учителем русского языка и литературы, легендарным завучем СШ №3), а затем в вузе она продолжает прививать

своим ученикам не только любовь к языку – основному средству человеческого общения, но и учит жить, воспитывая в каждом из них самые лучшие человеческие качества: порядочность, трудолюбие, честность, принципиальность.

Выпускница КазГУ, отличник образования, доцент кафедры русской филологии С.К. Кенжегалиева, закончившая московскую аспирантуру, внесла огромный вклад в развитие нашего вуза – Атырауского государственного университета им. Х.Досмұхамедова. Она была одной из организаторов институтской газеты, куратором первой группы студентов из Турции, проректором ГПИ по коммунистическому воспитанию, координатором первого дебатного клуба в университете и в области. На протяжении многих лет Саня Кожантаевна была самым справедливым членом жюри городских и областных олимпиад. Она автор нескольких учебно-методических пособий, множества интересных научных и методических статей. Владеет тремя языками.

Одной из первых С.К. Кенжегалиева внедрила в свою работу новые технологии. Каждое её занятие – это большое путешествие в мир полезного и интересного, в мир открытый. И все её занятия всегда проходят на высоком профессиональном уровне.

У Саньи Кожантаевны много учеников. Сотни его выпускников работают сегодня в Атырау и за его пределами, занимаются ответственным

должностями. И все помнят и любят её как выдающегося деятеля в сфере образования, неутомимого работника, прекрасного специалиста, замечательного человека.

Действительно, своей жизнью С.К. Кенжегалиева всегда провозглашает целеустремленность, честность, справедливость, принципиальность, твёрдость, спокойный и постоянный героизм.

Красивая, умная, интеллигентная, изобретательная, стильная Саня Кожантаевна обладает замечательными профессиональными и человеческими качествами. Всем известны слова великого Антона Чехова: «В человеке должно быть всё прекрасно: и лицо, и одежда, и душа, и мысли», и я горжусь, что имею счастье общаться, работать и дружить именно с таким человеком.

Как благодарная ученица, коллега, подруга я желаю Сане Кожантаевне быть и оставаться на высоте, потому что её богатый жизненный опыт не ослабел и не угас. Она продолжает путь настоящих профессионалов. Доброго здоровья Вам, большой удачи, творческих успехов и много-много радостей, выдержки и терпения в Вашей нелегкой работе, уважаемая, дорогая, любимая Саня Кожантаевна!

Саня КАМЕЛОВА,
профессор кафедры русской филологии, член Союза журналистов Казахстана

АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҚ-ІРГЕЛІ БІЛІМ БАСТАУЫ



Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі Б.Т.Жұмағұлов Еуразия экономикалық қауымдастығының Интеграциялық комитеті жанындағы Білім жөніндегі кеңесінің 20-шы отырысы және академиялық ұтқырлық проблемалары бойынша өткен халықаралық семинарда: «Адами капитал – инновациялық эконо-ми-ка мен білімді дамытуды айқындайтын факторға айналып отыр. Ендеше, адами капиталдың негізгі факторы білімде жа-тыр. Соңғы жылдары әлемдік тәжірибе көрсеткендей, жоғары білімде жетекші ба-ғыттардың бірі – академиялық ұтқыр-лық-ты дамыту. Біздің Болон процесіне енуі-міз, соған сай тиісті заңнама қабыл-дауы-мыз, ЕурАзЭҚ шеңберінде байланыс орнатуымыз академиялық ұтқырлықты да-мытуға жол ашты», - деген болатын.

Қазақстан Республикасы Болон декларациясына қосылу мәртебесіне ие болған және еуропалық білім кеңістігіне толық енген бірінші Орталық-Азия мемлекеті болып табылады. Қазақстанның Болон декларациясына қосылуы Қазақстан ЖОО-дары мен студенттеріне жаңа межедегі мүмкіндіктер береді: еуропалық стандарттарға сәйкестендірілген отандық білім беру бағдарламалары мен оқу жоспарларын енгізуге; отандық квалификациялық және академиялық дәрежені тануға; оқытушылар мен студенттердің академиялық ұтқырлығын қамтамасыз етуге; Қазақстан ЖОО-ы студенттеріне шетел университеттерінде кредиттерді қайта тапсыруға және керісінше, бірлескен білім беру бағдарламаларын таратуға; жоғары білім жөніндегі қазақстандық дипломдардың еуропалық аймақтарда жарамдылығын қамтамасыз етуге жағдай

жасауға және кез-келген елде түлектердің жұмысқа орналасуына.

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығымен бекітілген «Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру қағидасының» 77-тармағы талабына сәйкес білім алушылардың ішкі және сыртқы академиялық ұтқырлығы бағдарламасы аясында ұйымдастыру жұмыстарын жүргізуді қолға алды. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2011 жылғы 21 маусымдағы «Білім алушылардың академиялық ұтқырлығын ұйымдастыру туралы» нұсқау хатына сәйкес, академиялық ұтқырлықты ұйымдастыру мақсатында университетте арнайы білім алушылардың академиялық ұтқырлығы және мамандардың кәсіби біліктілігін арттыруды ұйымдастыру бөлімі құрылды және әр факультеттің академиялық ұтқырлық бойынша үйлестірушісі тағайындалды.

Академиялық ұтқырлық – білім алушыларды немесе оқытушы-зерттеушілерді белгілі бір академиялық кезеңге: семестр немесе оқу жылына өзге жоғары оқу орнына (ел ішінде немесе шетелде) игерген білім бағдарламаларын міндетті түрде кредит түрінде сынақ ретінде тапсыра отырып, өз ЖОО-да немесе өзге ЖОО-да білімін жалғастыру немесе зерттеулер жүргізу үшін ауыстыру.

Академиялық ұтқырлық дәстүрлі шетелдік тағылымдамадан ерекшеленеді, өйткені, біріншіден, студенттер шетелге оқуға белгілі шектеулі мерзімге ғана кеткенмен, оқу бір семестрден бір оқу жылына дейін созылады, екіншіден, мұндай тағылымдамада олар толыққанды білім алады, тек тілді меңгерумен немесе жеке келеген пәндерді игерумен ғана шектелмейді, керісінше, толық семестр немесе жылдық курстан өтеді, бұл дегеніміз – студенттің білімі базалық жоғары оқу орнына қайтып келген сәттен жалғасып есептеледі.

Академиялық ұтқырлық сыртқы (халықаралық) және ішкі (ұлттық) академиялық ұтқырлық болып ажыратылады. Сыртқы академиялық ұтқырлық – шетелдік жоғары оқу орындарында білім алу, оқытушы-зерттеушілердің білім беру салалары мен ғылыми мекемелердегі қызметі. Ішкі академиялық ұтқырлық – білім алушылардың, оқытушы-зерттеушілердің Қазақстанның беделді жоғары оқу орындарында білім алуы, қызмет етуі.

Университетте білім алушылардың ішкі және сыртқы академиялық ұтқырлығын ұйымдастыру мақсатында Қазақстан Республикасы мен шетелдік жетекші оқу орындары арасында тығыз байланыс орнатылуға, атап айтқанда төмендегідей ЖОО-мен білім беру қызметін көрсету саласында өзара серіктестік қарым-қатынас жөніндегі келісім-шарттар жасалынд:

- Астрахань мемлекеттік техникалық университеті (Ресей Федерациясы);

- Астрахань мемлекеттік университеті (Ресей Федерациясы);
- Савония қолданбалы ғылымдар университеті (Финляндия);
- әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті;
- Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті;
- Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті;
- Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті;
- Құрманғазы атындағы Қазақ Ұлттық консерваториясы;
- Қазақ экономика, қаржы және халықаралық сауда университеті;
- Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті;
- Т.Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университеті;
- Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті;
- І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті;
- М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті;
- Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан агротехникалық университеті;
- Атырау мұнай және газ институты;
- Атырау инженерлік-гуманитарлық институты;
- Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университеті;
- Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институты;
- Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технология және инжиниринг университеті;
- Қазақ Ұлттық аграрлық университеті;
- С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті.

Академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында 2011-2012 оқу жылының 1 жарты жылдығында 22 студент, оның ішінде: Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінде (5B011400-Тарих), Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінде (5B020700 – Аударма ісі), Атырау мұнай және газ институтында (5B050800 – Есеп және аудит, 5B050600 – Экономика, 5B050700 – Менеджмент, 5B073200 – Стандартизация, сертификация және метрология, 5B070400 – Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету, 5B080400 – Балық шаруашылығы және өнеркәсіптік балық аулау) білім алды. Мәселен, Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетіне жіберілген Аударма ісі мамандығының 3-курс студенті А.Умбетярова 2011-2012 оқу жылының 2-жарты жылдығына аталған бағдарлама аясында одан әрі жалғастырып, білім алуда.

2011-2012 оқу жылының 2 жарты жылдығына университеттен жалпы саны 31 студент, оның ішінде ішкі академиялық ұтқырлық бойынша 25 студент

еліміздің белгілі ЖОО-на, атап айтқанда, Л.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетіне, Құрманғазы атындағы Қазақ Ұлттық консерваториясына, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетіне, Абылай хан атындағы халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетіне, Қазақ Ұлттық аграрлық университетіне, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетіне, Т.Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университетіне, М.Өтемісов атындағы БҚМУ-не, Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан агротехникалық университетіне, Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институтына жіберілді. Ал сыртқы академиялық ұтқырлық бойынша 6 студент Астрахань мемлекеттік университетінде білім алуда. Сондай-ақ, аталған бағдарлама аясында еліміздің жетекші жоғары оқу орындарынан білім алуға ниет білдірген 6 студент біздің университетімізде білім алып жатыр. Мәселен, Абылай хан атындағы халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінен 1 студент, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінен 1 студент, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінен 3 студент, Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технология және инжиниринг университетінен 1 студент.

Айта кететін жайт, еліміздің жетекші жоғары оқу орындарында оқу ақысы әр түрлі. Мәселен, Астана, Алматы қалаларындағы оқу орындарында оқу ақысы өте жоғары. Ал біздің университетімізде, негізінен, ауыл балалары оқып, білім алуда, олардың көпшілігі әлеуметтік тұрмыстары орташа отбасынан шығып отыр. Осындай отбасынан шыққан, оқу үлгерімдерімен көзге түсіп жүрген студенттердің аталған бағдарлама аясында білім алуына жеңілдік жасап, барып-қайту жолы мен жатақханада тұруы ақысын төлеуді университет әкімшілігі өз жауапкершілігіне алғандығын айта кеткен жөн. Сонымен қатар, басқа жоғары оқу орындарынан келген студенттердің жатақханада тегін орналасуын қамтамасыз етіп отыр. Бұның өзі студенттер үшін жасалған зор мүмкіндік деп білеміз.

Қорыта айтқанда, академиялық ұтқырлық студенттің жеке дамуы мен еңбекке орналасу мүмкіндігіне ықпал етіп, өмірлік көзқарасы мен рухани дүниетанымын қалыптастырады.

Академиялық ұтқырлық – бұл студенттердің өз өлкесінен тыс орналасқан елдердегі жоғары оқу орындарында оқу, тәжірибе алмасу, ғылыми-зерттеу жүргізу және басқа мемлекетте білімнің толық курсын алуға зор мүмкіндік. Олай болса, мұндай мүмкіндікті әр студент өз пайдасына жаратса игі болар еді.

Ақмарал МҰХАНБЕТЖАНОВА,
Білім алушылардың академиялық ұтқырлығы және мамандардың кәсіби біліктілігін арттыруды ұйымдастыру бөлімінің бастығы, педагогика ғылымдарының докторы, доцент



ІЗДЕНГЕН СТУДЕНТКЕ МҮМКІНДІК МОЛ

«Оқу-білім инемен құдық қазғандай» деп дана халқым бекер айтпаса керек-ті. Шындығында оқу-білім алу, білімді азамат болу оңай емес.

Қазақстан Республикасында білім саласында өзгерістер мен жаңалықтар болып жатыр. Соның ішінде елімізде білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын айтуға болады. Болон конвенциясы аясында жоғары оқу орындарына арналған жаңа бағдарлама «Студенттің академиялық ұтқырлығы» жүзеге аса бастады. Бұл бағдарламаның ерекшелігі сол, студент өз оқу орнынан басқа университеттерде білім мен тәжірибе аламын алады. Бағдарлама ұзақтығы 1 семестр немесе 1 курсқа созылады. Осы бағдарлама бойынша тарих және филология факультетінен екеуіміз. Қазақтың

тұңғыш жоғарғы оқу орны қасиетті қара шаңырақ Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық университетінде білімімізді шыңдау мақсатында білім мен тәжірибе алмасудамыз. Барған күннен бастап әсем қала Алматыға да, университетке де, оқу тобымызға да үйреніп кеттік. Әсіресе, жаңа группаластарымыздың жылы шыраймен қарсы алуы, ортаға тезірек сіңіп, бауыр басуымызға септігін тигізді. Оқу тобында 17 студент екен, екеуімізбен 19 болды. Біз бірінші топқа қосылдық. Қашанда сыналар сәт ол алған білімімізді таразыға салу емес пе?! Біздер Атыраудан алған білімімізді Алматыда көрсете білдік. Ондағы ұстаздар да бізге мақтау сөздерін айтып,

сендер өз университеттеріңнің мақтанышысыңдар, бұл ретте сендердің алғыр, білімділіктеріңмен қоса, университеттегі ұстаздарыңдыздың да үлесі зор деп үнемі айтып отырады. Біздің негізгі Абай атындағы ҚазҰПУ-не келгендегі мақсатымыз – білім алу, оны шыңдау, кішкене болса да рухани пайдалы дүние алып кету ғой. Группамен бірге Андрогогика, ҚР Сыртқы саясаты, Білім берудегі менеджмент, Қазақ диаспорасының тарихы, Мұрағаттану негіздері, Халықаралық қатынастар тарихы пәндерін оқыдық. Бұл пәндердің ішінен маған ерекше әсер етіп, ғылыми зерттеу жұмысын жазуға түрткі болған Андрогогика пәні және сол сабақтан дәріс беретін «Әлем тарихы» кафедрасының доценті, п.ғ.к., ф.б.Ахатаева болды. Андрогогика пәнінің мәні өмір бойы білім алу, үздіксіз білім беру түсінігінің мәніне саяды. Бұл тұрғыда мен өмір бойы білім алып өзін-жан-жақты көрсете білген дара тұлға университетімізге есімі берілген Х.Досмұхамедовтың мысалға келтіре отырып, ғылыми зерттеу жұмысымының тақырыбына арқау еттім. Жұмыстың тақырыбын «Зияткерлік ұлт қалыптастырудағы Х.Досмұхамедовтың үлгі-өнегесі» деп алдым. Ғылыми жетекшім п.ғ.к., доцент ф.б.Ахатаева болды. Ал Арай Артықбаева Отан тарихы кафедрасының профессоры, п.ғ.к., Б.К.Абдуғулованың жетекшілігімен «Астрахань – қазақтардың құтты мекені» тақырыпта ғылыми зерттеу жұмысын жазып, қорғады. Конференцияда марапаттау қағазына ие болдық.

Ол оқу орнының білім беруі қандай? Өз университетіңнен артық па, жоқ әлде бірдей ме деген сұрақтарға мен мынадай жауаптар таптым. Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетімен Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің білім беру деңгейі бірдей. Онда да біздердегі секілді ғылым докторлары мен кандидаттары сабақ береді. Тек Алматыда студенттерге ізденуі үшін мүмкіндіктер өте мол. Өйткені, мұнда ұлттық кітапхана мен мұрағатқа барып, керекті құжаттарға, дерек көздеріне қол жеткізе аласың. Сонымен қатар, студенттерің де өзіндік ерекшеліктері бар. Абай атындағы ҚазҰПУ-дегі 3-курс



тарих мамандығындағы группалас студенттер өте еркін, өз пікірлерін ашық білдіре алады. Ал бізде студенттер ұялшақ, біліп тұрғандарын айта алмайды. Бұл жерде өз жолдастарымды кеміту үшін емес, ерекшелігін ашып айтып отырымын. Осы тәжірибе алмасу барысында менің түсінгенім, оқитын адамға барлық жерде білім бар. Алматыға немесе басқа қалаға түспедім деп өкінудің қажеті жоқ. Өзіміздің университетіміз де рухани дамыған, біліммен қаруланған нағыз азамат қалыптастыруда сапалы білім береді.

Әсел ҚИСАРҚЫЗЫ,
тарих мамандығының 3-курс студенті

ТӘЖІРИБЕ АЛМАСУДА БЕЛСЕНДІЛІК ТАНЫТАМЫЗ

Біз, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің және Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университетінің «Педагогика және психология» мамандығының 3-курс студенттері Айсауле Артығалиева, Гүлнәз Кесекова, Асыл Таниева және Әсел Дінішевә академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша кафедра педагогтарының ұсынысымен Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетіне 1 семестр бойына өзіміздің

қызығушылығымызбен және өз қалауымызбен оқуға келдік.

Бұл академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша оқуға келген себебіміз – білім, тәжірибе алмасу, осы аталған университеттің білім беру жүйесімен танысу, өзімізді рухани жағынан байыту және болашақ педагог-психолог маман ретінде адамдармен қарым-қатынас жасай білуді арттыру.

Бізді университет және кафедра ұжымымен таныстырған, жылы шырай танытып жүрген

факультет координаторы Тоты Жұмажанқызы мен білім алушылардың академиялық ұтқырлығы және мамандардың кәсіби біліктілігін арттыруды ұйымдастыру бөлімінің бастығы Ақмарал Өтепбергенқызы, бөлім әдіскерлері Айнагүл Тұрғанбайқызы және Жүзімгүл Амандықызы.

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің білім беру жүйесімен, топпен толықтай танысып үлгермедік, себебі оқу жоспарына сәйкес, педагогикалық, психологиялық және әлеуметтік

сарамандық жұмысқа шығып кеттік.

Алдағы уақытта кәсіби біліктілігімізді шыңдап, молайтып, оқу үдерісі барысында белсенділік танытамыз деген сенімдемсіз.

Айсауле АРТЫҒАЛИЕВА,
студент

ПОЭЗИЯ НАРАҒЫ

Талапкер жас Амандық Сағынтайұлының «Жүрек жыры» өлеңдер топтамасына ең таңдаулылары енген. Өлеңдерін шартты түрде екі тақырыпқа бөлуге болады. Әке, ана, туған жер, тәуелсіздік, елдік пен ерлік туралы өлеңдері және лирикалық көңіл-күй саздары, жастық шақ, махаббат, адам сезімі-күйініш пен сүйініш. Жалпы Амандық Сағынтайұлының туындылары әр тақырыпты қозғағанымен, өлең өрмідерінен байсалдылықты, салмақтылықты байқаймыз. Көптеген өлеңдері жастық сезім, өкіну, күйініш пен сүйсіну, бірде алдану, бірде сағына күту сезімдеріне арналған. Жастыққа, албырт сезімге тән құбылыстар. Болашағынан үлкен үміт күттірет Амандық шәкіртімізге таудай талабың сәтті болсын, қаламың ұшала берсін, қияға өрлеген қанатың қатайып, өнер биігінен көріне бер деген тілек білдіре отырып, назарларыңызға жас ақынның бір топ өлеңдерін ұсынып отырмыз.

Айсұлу САДЫҚОВА,
филология ғылымдарының кандидаты,
профессор



Амандық Сағынтайұлы Абдулов,
Қазақ тілі және әдебиеті мамандығының
4-курс студенті

НАУРЫЗ ТОЙЫ

Астым-састым, адастым, менікі не?
Үнсіз-түнсіз, ән-жырсыз сенікі не?
Туяғынан от шашқан асау тұлпар –
Жаңа жылым Наурыз келді, міне!

Наурыз деп қазағым ән салады,
Наурыз деп баршаға жар салады.
Наурыз деп құшағын кең жаяды,
Наурыз деп көктемін қарсы алады.

Наурызда жамандық жерге енеді,
Өз ісінен жамандар жеркенеңді.
Жақсылыққа жер жүзі кенеледі,
Күн менен түн бір сәтке теңеледі.

Таң біліне, бұл күні ер күрескен,
Алтыбақан алысып қыз тебіскен.
Асық атып, қыз қуып, көкпар тартып,
Жеті дәммен дәмдесіп, көже піскен.

Табиғат та тамаша күйге енеді,
Жастар жағы жақсыдан үйренеді.
Әке көрген оқ жонып, шеше көрген
Тон пішкен боп жаманнан жиренеді.

Қызыр баба айналып, үйге келер,
Қыдыр ата жайланып, төрге енер.
Үйде оқылған батаның бағы дарып,
Жүз шайысқан жұбайлар сөзге келер.

Қағарынан қол үзген аппақ қысым,
Қолын бұлғап қос айтқан ақ барысым.
Ақ қояным артынан аңдып келіп,
Ақ барыстың ақ қардан тапқан ізін...

ЖАЗ КЕЛЕДІ

Жаз келеді жайраң қағып, жадырап,
Табиғатты тіршілікке шақырады.
Көктемге ризалықпен қос айтты
Ақ Жайықтай айдын-көлді атырап.

Ақ барыс та аппақ қысын қилады,
Егіз қозы бір көктемге сыйлады.
Көңілдерді жадыратқан жаз күні
Тамылжытып бұлбұл әнін сыйлады.

Алтын Күн де тәтті ұйқыдан оянды,
Ақша бұлттар ақ сапарға бой алды.
Жаз бенен Күз бір анадан туғандай,
Сары дала сары құмға боянды.

Бар мақұлық жылы жазға сенеді,
Сол сенімін үміт етіп келеді.
Біреуге ерте, біреуге кеш болса да,
Бар жылуын үлестіріп береді.

ҚАЗДАР ҰШТЫ

Айдынынан қаздар ұшты қаңқылдап,
Кетіп барад жылы күнге жақындап.
Жер бетінде жұмыр басты пендеге
Көру қалды тек алыстан бақылап.

Туған жерін қайда тастап кетеді?
Сол адалдық қайда кеткен кешегі?..
Өкініш бар өзектерді өртеген,
Бүгінгінің ертең болар есебі...

Күлімдеген күн нұрынан ұяла,
Қаздар ұшты қанат қағып қияға.
Алып ұшқан алақандай аралға
Туған жерін сағынғаны сыя ма?..

ҚОҢЫР САЗДЫҢ АТАСЫ

Тау мен тасты еріксіз сазға бөлеп,
Шәмші әні даланы назға бөлеп.
Жан бітпеген жансызға жан бергенде,
Ендігәрі кімге ол маза бермек?!

«Сыр сұлуы», «Қайықта» әндерімен
Қазақ рухы түскен жоқ мінберінен.
Роза, Майра, Мәдина, Мақпалдардың
Бұлбұл үндес жарасып үндерінен.

Атырауда Жайықтың толқындарын
Білеміз ғой Шәмшінің соқтырғанын.
Теріскейде Тамдың ән-ағаны
Білеміз ғой үйіне шақырғанын.

МЕНІ СҮЙМЕ

Мені сүйме, көзімді бояп өтірік,
Түртіп қалсам, өгіздей жылап өкіріп.
Қоштасуға бір күндей ғана қалғанда,
Кетсем бе екен бетіңе ертең түкіріп?..

Мені сүйме, өтінем саған жалына,
Жабысып-ап жақындай берме жанымна.
Өз күнәңді мойныңмен көтер одан да,
Өкінгендей құр босқа маған налыма.

Мені сүйме, кешіре сені салмаймын,
Сеніменен алысқа ұзап бармаймын.
Ерегесіп сөзіме құлақ аспасаң,
Басқа жанға ғашықтық жырды арнаймын.

ӨКІНБЕЙМІН

Өкінбеймін өткініш өміріме,
Күйбең кірді кәдімгі көңіліме.
Ашулансам, ақырар арыстаным,
Жүрегім мен білегім жөні бірге.

Өмір, өмір дегеннен не пайда бар?
Өмір, өмір дегеннен не байқалар?
Ағыл-тегіл өзендей өткен өмір
Өзгеге емес, өзіме не айта алар?

Қайғырғанмен, қайтейін, қуанамын,
Қуанышпен қайғымды қуаладым.
Тәуекелге таяқты тіредім де,
Басқаменен басымды дуаладым.

Жек көремін біреудің жекіргенін,
Көзі тоймай күйлігіп, кекіргенін.
Қит еткенде қайтейін, қыл үстінде
Бола қалған қып-қызыл кеңірдегін.

СЕНДЕР ҮШІН, БАЛАЛАР!

Жаңа ғасыр талабы
Жоғарылап барады.
Сендер үшін, балалар,
Компьютер заманы.

Қара көздің ары үшін,
Қара бала қамы үшін,
Махамбеттер ту алған,
Бір қазақтың қамы үшін.

Жеңістердің дастаны
Жеңістерге бастады.
Сендер үшін балалар,
Азаттықтың ақ таңы!

Санасына сыр тұнған,
Жүрегіне жыр тұнған,
Ыбырай мен Абайлар
Бесігінде бұлқынған.

Ашық аспан Ай-Күні
Азат елдің айбыны.
Сендер үшін, балалар,
Жер-ананың байлығы!

Көк тәңірім үнемі
Туған жердің тірегі.
Алты қанат Ақ Орда –
Еуразия жүрегі.

Мейірімді болыңдар,
Қуанышқа толыңдар!
Сендер үшін, балалар,
Ең бірінші орындар!

МАХАББАТ ЖЫРЫ

Өзіңменен талай таңды атырдым,
Махаббатты мойындауға шақырдым.
Қазір енді, орындалып дегенім,
Құшағымна сені құшып жатырмын.

Маған мың бір түндеріңді сыйладың,
Менсіз мына дүниеге сыймадың.
Сымбатыңмен сұлулық та теңеспес,
Қоштасарда жанарыңды қимадым.

Шіркін, дәурен! Жасықпын-ау, жасықпын,
Қойыңыңда түнеуге мен асықпын!
Бұл өмірдің қызығы мен қызуын
Сеніменен көрісуге асықтым.

Ендігәрі кетпе менің жанымнан,
Құдай үшін өтінемін, жалынам!
Бір сәтке де бір өзіңнен көз жазсам,
Сарғаямын, сарыламын, сағынам...

Сырлы сезім көп нәрсеге үйретті,
Қиын шақта қабырғамды күйретті.
Манаураған махаббаттың азабы,
Қыр соңынан әрлі-берлі сүйретті.

Жесір жандай жетімсіреп жүрегім,
Қайыршының күнін кешіп жүр едім.
Қиындықпен қош айтысып болған соң,
Күлімсіреп күлгеніңе күлемін.

Неге солай тимесе де кесірім,
Бір өзіңнен сұрай берем кешірім...
Әркез мені шақыратын алыстан
Өзгелерден ерек сенің есімің!

НЕЛІКТЕН???

Жандырдың қайғы-мұңның алауын,
Неліктен? Айтшы, тағдыр, жауабын!
Пейіште періштедей пендеңнің
Ең соңғы орындамай қалауын.

Неліктен? Саңыраудың құлағын
Бәрібір біле тұра бұрадың...
Соқырдың қарашығын ағызып,
Неліктен көзді жасқа бұладың?

Торнадо дауылындай еліріп,
«Агентте» отырғандай ерігіп.
Неліктен тағдыр солай жазылдың,
Үміттің аппақ қарын ерітіп...

МЕН – БАҚЫТТЫ ПЕНДЕМІН

Періште емес, пендемін мен бақытты,
Жартысында жалғанның ең бақытты.
Асу асып барамын Армантауға,
Бақытсыздық белесі енді бітті.
Бақытымды ешкіммен бөліспеймін,
Жарыспаймын желімен теріскейдің.
Көшіп-қонған басымнан ақша бұлттың
Арасынан адасып кімді іздеймін?..

АҢЫЗ АДАМ

Аппақ жүзі аңыздардан жаралған,
Көздері оның Күн көзінен нәр алған.
Жүрегінде Махамбеттің оты бар,
Сөздері оның саф алтындай саналған.

Пәк күлкісі шуақ болып құйылған,
Қиғаш қасы қоюлана қиылған.
Ол – ғалым да, ол – ақын да, ол дағы,
Бар қасиет бір бойына жиылған.

Еркелетіп есімін бекер қоймаған,
Егеменді ел болуды ойлаған.
Төкпелетіп тегін бекер қоймаған,
Жау қашырар ер болуды ойлаған.

Тәтті үні құлағыңда қалады,
Жан жылы жаңыңды баурап алады.
Мейірімді маңдайынан көрінген,
Патшаның да көңілін ол табады.

ҰСТАЗҒА

Ұстаз – елдің анасы,
Шәкірттердің санасы.
Әлдилеген әлемнің
Дарасы да, данасы.

Білім нәрін тереді,
Бізге кәміл сенеді.
Көкжиектен «Күн» болып,
Жерге жылу береді.

Ілім-білім қуғалы
Санам көп сыр ұғады.
Жұдырықтай жүрегім
«Ұстазым» деп соғады...

Ұстазға жыр арнаймын,
Үміттерді жалғаймын.
Биігіне білімнің
Қыран құстай самғаймын.

Алақаны ұстаздың
Қанаты ғой құстардың.
«Ғылым» атты кеменің
Желкенінен ұстадым.

Ұстазың да бір ана,
Оны сүйіп, аяла.
Шуақ болып төгілген
Мейірімін бағала.

Өмір деген қас-қағым,
Кідірісіп жатпағын.
Ұлағатын ұстаздың
Жүрегіңде сақтағын!

ШӨЛ

Келемін арманымды арқалап,
Естісін бұл жайымды шартарап!
Өмірдің қысы-жазы аралас,
Қаңтарда шөлдеп барам қаталап.

Шөлдеймін ыстығынан сезімнің,
Даруға, шіркін, жастық кезімнің!
Жаһанда жанартаудай жарылған,
Кеудемде жүрегімді сезіндім.

Шөлдеймін, аңсап сені шөлдеймін,
Өзіңсіз бұл «ыстыққа» тәзбеймін.
Қашан да адам жаны мәңгілік,
Сезімнен үмітімді үзбеймін.

Бұл «шөлден» жанып барам өртеніп,
Басыма Сахараны көтеріп.
Білмеймін, бітер ме екен, бітпес пе
Қарызым алдыңдағы өтеліп...

ОТҚА САЛДЫМ ФОТОҢДЫ, ӨРТЕНБЕДІ...

Отқа салдым фотоңды, өртенбеді,
Өрге қарай сезімім өркендеді.
Ақиқаттың арқалап ауыр жүгін,
Көңіл, шіркін, кіршіксіз көтермеді.

Көз алдымнан кетпейді сұлу бейнең,
Осындай да бола ма сұлу деген?
Отқа жанбас аруды сұға батпас
Оңай емес бақытты қылу деген!

ЖАҚЫНДАШЫ ЖАНЫМА

Келші маған, жақындашы жанымна,
Екі көктем күтіп едім сағына.
Ақиқаттың астарынан сығалап,
Қайғы-мұңның салып едім сазына.

Құшағыңа алшы, жаным, өтінем,
Осы кезді осыншама күтіп-ем.
Есіңде ме, еміреніп, еліріп,
Көңіліңе көншіместен кетіп-ем.

Бос әуре боп болған істі ақтама,
Дегенмен де ішіңе сыр сақтама.
Маужыраған мың бір түннің ішінен
Есте қалар ең бақытты шақ қана.

АҢСАҒАННЫҢ АМАЛЫ

Сен келмесең, өмірден шөлдеп өтем,
Қос жанарың түп-тұнық мөлдір екен.
Желдей есіп жаныңа жетіп едім,
Сағыныппын көзіңді мөлдірген.

Саған барып, алыстан көре қайттым,
Өзің жайлы өзіме өсек айттым.
Маңдайыңның иісін алмаған соң,
Құса болып ауырып, төсек тарттым...

БАЙҚАМАЙСЫҢ

Сүйемін деп басқаны айта алмайсың,
Қасыңдағы бір мені байқаймайсың.
Бірде, тіпті, ұмыттың есіміңді,
Дәл осыны тағы да қайталайсың!

Кеше, бүгін көзіме көрінбедің,
Күлімдеген көзімде күнім бе едің?
Көз астымен сәуле боп сығалайсың,
Бұлт көшкен соң артынан күлімдедің.

Еліктеген еліктей еркем едің,
Елең етіп еркімді еркеледің.
Ендігәрі бәрі де керісінше,
Менің саған келеді еркелегім!

БЕРІЛЕМІН

Жан-тәніммен берілемін мен саған,
Асқардағы арманымсың аңсаған.
«Өмір» деген сахнада мен сенің
Бұлбұлыңмен асқақтата ән салған!

Берілемін жан-тәніммен бүгін мен,
Барлық қызық басталғандай бүгіннен.
Кірпіштері біз қалаған сарайдың
Бұзылғандай іші-сырты бүлінген.

Аянбай-ақ жан-тәнімді беремін,
Сенің салған жолыңменен келемін.
Сезіміме титтей ғана жуабың
Бұл жалғанда сенен маған керегім.

Адам тәні сатылмаған ешқашан,
Кешір мені базарлықтан кеш қалсаң.
Әзір тұр ғой сүйініш де, сыбағаң,
Махаббаттың сабағынан «бес» алсаң.

ҚИЫЛҒАН ҚАС

Қиылған қас, қиылған қас, қиылған,
Бар қасиет бір бойына жиылған.
Сазды үні күй іспеттес бейне бір,
Сұлу мүсін сары алтыннан құйылған.

Қиылған қас көздің жауын алады,
Жүрегіме сезім сыймай барады.
Маған қарай сұлу қастың астынан
Жәудірген қара көздер қарады.

СПАРТАКИАДА – САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ



2012 жылдың алғашқы қаңтар айының 17-сі күні Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің «Жайық» жастар мәдени-спорт кешенінде «Ректор кубогі үшін» профессор-оқытушылар арасындағы дәстүрлі 60-шы дүлдүлдер спартакиадасы дүркіреп өтті. Бұл ойындардың бірден-бір ерекшелігі – ойыншылар құрамының ұстаздардан іріктелгені болып отыр. Иә, әр ұстаздың өздерінің тікелей жұмыс бабын былай қойып, «спорт» атты сұлулық пен салауат сарайының кірпішін өз қолымен қалайтын сәті бұл.

Жарыстың ашылу салтанаты қарсаңында қатысушылар мен жанкүйерлер қауымы өткізілетін ойындардың жалпы ережесімен таныстырылды. Спартакиадаға қатысушы ұстаздарды университет ректоры міндетін атқарушы, профессор **Б.Ә.Сайлыбаев** құттықтады.

Игі шараның басты мақсаты – бұқаралық спортты дамыту және профессор-оқытушылар арасында салауатты өмір салтын кеңінен насихаттау болып табылады. Негізгі жүк университеттің дене тәрбиесі кафедрасы мен спорт клубы жұмысына түсті.

Жарысқа ректорат және жалпы университеттік кафедралар құрамасы, физика-математика, әлем тілдері, экономика, заң, тарих-филология, педагогика және өнер, жаратылыстану факультеттері, ақпараттық технологиялар

орталығы құрамасы, сондай-ақ шаруашылық бөлімі қатысты. Ал дене тәрбиесі және спорт пәндері кафедрасының оқытушылары өздеріне бөлінген факультет құрамында 1 адамнан қатысуға құқылы болды (тек волейбол, кіші-аяқ добы ойындарында).

Турнир кестесі бойынша волейбол (8 адам) 17-20 қаңтар, шахмат (3 адам) 23-24 қаңтар, үстел теннисі (3 адам), арқан тарту (8 адам) 8-21 қаңтар, кіші-аяқ добы (8 адам) 25-28 қаңтар күндері өткізілді.

Басшылық жасау ректор бекіткен ұйымдастыру комитетіне жүктелгендіктен, жарыс түрлері ҚР федерациясының атқару комитеті бекіткен ережелерге сәйкес жүріп отырды. Түпкілікті шешімді бас төрешілер қабылдады.

Асыға күткен, «Ректор кубогі» үшін профессор-оқытушылар арасындағы дәстүрлі 60-шы спартакиадасының қорытындысы да белгілі болды...

Педагогика және өнер факультетінің командасы ойынның барлық түрінен үздік шығып, жалпы есепте **1-ші орынға** ие болды.

Экономика (команда капитаны Ш.Қ.Ележанова) күміс жүлдені иеленсе, Заң факультетінің командасы (команда капитаны Ә.О.Турдалиев) жалпы есепте қола жүлдені қанағат тұтты.

Ректорат құрама командасы (команда капитаны С.Б.Аймуратов) жалпы есепте 4-ші сатыға табан тіреді.

Физика-математика факультетінің командасы (команда капитаны

Б.З.Кенжегулов) 5-ші орынды иеленсе, «Тарих-филология» факультеті (команда капитаны Г.Қ.Қайырғалиева) жалпы есепте 6-шы орынды місе тұтты.

Әлем тілдері факультетінің командасы (команда капитаны А.Х.Хайыржанова) жалпы есепте 7-ші сатыға табан тіресе, «Жаратылыстану» факультетінің командасы (команда капитаны Ә.З.Сапаров) жалпы есепте мәре сызығын 8-ші болып кесті.

Ақпараттық технологиялар орталығы (команда капитаны С.Н.Идрисов) 9-шы орынды, Әкімшілік шаруашылық (команда капитаны Б.Қ.Қойшыбаев) бөлімінің командалары 10-шы сатымен турнир додасын аяқтады.

Бас төреші: дене тәрбиесі кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор **Аллысбай Сейітқалиұлы Аралбаев**.

Бәйге барысын әрқалай талдауға да, саралауға да болады. Дей тұрғанмен, оның әділ өткеніне ешкім де күмән келтірмейді. Аталмыш спорт шарасы соңғы 5 жыл ішінде ғана «Ректор кубогі» деп аталып келеді. Педагогика және өнер факультеті «Ректор кубогі» 3 мәрте қатарынан алып келсе, араға 1 жыл салып биыл, міне, 4 дүркін чемпион атанып отыр (факультет жаттықтырушысы **Амантай Мұхамбетәлі**). Ал спартакиада ережесі бойынша кубок 3 жыл қатарынан жеңімпаз болып табылған команда есебінде қала береді, яғни, аталмыш факультет өз ризықтарын қайта реттеп алғандай болды. Үздік құраманың жеңісін жаңартып, көнесін жаңғыртып жатқан жайы бар. Ал Тарих-филология факультетінің ардагерлер қатары ешқандай ойыннан да қалмай, ылғи бой көрсетіп жүретіні таңдай қақтырады. Бұған олардың шахмат ойыны бойынша 3-ші орынды иеленгені дәлел.

Жарысты жолбарысжүрек жанкүйерлер уралап бастаса, спорт тау-тасын тұяқты тұлпарларлар туралап тастады. Атап айтқанда, Алдар Сәрсенов, Шара Ізімбердиева, Нағима Сармұрзина, Әділбек Сапаров, Салауат Қапизов сынды ардагер спортшылар жастардың жеңіске деген жігеріне айрықша серпіліс беріп отырды. Дәл осылайша ерлі-зайыпты Ізгілік және Анар Ахметовтер мини-футбол фортунасын өздеріне қаратып алды. Ал ағайынды Ғәділбек, Әділбек атты тұғырға мінген Турдалиевтер тура бір теуіп тұрып



темір үзгендей.

Факультетке жауапты жаттықтырушылар құрамына келсек, Педагогика және өнер факультетінде аға оқытушы, футбол ойынының феномені болған Амантай Мұхамбетәлі, Экономика факультетінде аға оқытушы Ренат Темірболатов, Заң факультетінде Әлем тілдер факультетінде аға оқытушы Жасұлан Бекібаев, Физика-математика факультетінде Сансызбай Жұбанов және Валентина Андреева, Жаратылыстану факультетінде Ғалия Салменова, Тарих-филология факультетінде аға оқытушы Ғанимат Ақсеріков, сонымен бірге Ректорат бөлімінде ф.ғ.к. Ізгілік Ахметов аяңбай еңбек етті. Иә, жалпы командалық есеп бойынша алтын жүлде Педагогика және өнер, күміс жүлде Экономика және қола жүлде Заң факультеті командаларына бұйырды. Демек, жеңіс оңайлықпен келмейді. Педагогика және өнер командасында ардагер ойыншылардан аға оқытушы Айса Отаралиев пен үздік ойыншылардан Мырзатай Мажитовты ерекше атап өтуге болады.

Спартакиаданың жабылу салтанатында жарыс қорытындысы бойынша 1-ші орын алған Педагогика және өнер факультетінің құрама командасы I дәрежелі дипломмен және кәсіподақ ұйымының тағайындаған бағалы сыйлықтармен марапатталды. Ал 2-ші орын алған Экономика факультеті II дәрежелі және 3-ші орын алған Заң факультеті алған орнына сәйкес III дәрежелі дипломдарға ие болды. Сонымен

қатар ұйымдастыру алқасы жеке жарыс жеңімпаздарына бағалы сыйлықтар мен ректордың алғыс хатын табыстады.

«Үздік ойыншы» атағына Динара Қисметова, Гүлмира Өтеген, Алдар Сәрсенов, Жалғас Шагиров, Анаргүл Кенжешова, Ғәділбек Турдалиев, Арман Жұмағазиев, Ақмарал Хайыржанова, Өтемис Хасанов, Анар Қабашева, Гүлфара Рысмағамбетова ие болса, **«Үздік қорғаушы»** Мырзатай Мажитов, Салтанат Батырғалиева, Бердібек Тұмышев, **«Үздік қақпашы»** Бекет Кенжегулов, **«Үздік шабуылшы»** Руфхат Баймұсынов, Нұрдос Ғинетуллиндер атанды. **«Жеңіске деген жігері үшін»** Әділбек Сапаров, Амангелді Зайнов және **«Үздік айла-әдісі»** үшін Жексенбек Рахметов, Шынар Ележанова марапатталды. Шара соңында оқу орнының өнерлі жастары Аяулым Бахитова, Абзал Баташев әннен шашу шашты.

Спорт деген ол – жолдасың, жақын досың, Спортпенен достасып, ақыл қосқын. Қозғалыста денеңіз болсын әркез, Спортпенен айналыс, жақындасқын!

Міне, осылайша

ұйымдастырушылардың ұйымшылдығы мен қатысушылардың қайтпас мінезі барда, осынау серпіліске сылтау болған спорт мерекесінде сан соғу мен жеңіліске жол берілмеді.

Азамат ДӘУЛЕТҚАЛИЕВ,
Амандық САҒЫНТАЙҰЛЫ,
4-курс студенттері

Тосыннан түсірілгенде



"Университет" газеті не жазды екен?



Қап, мүлт кеттің-ау...



Yes!



Күш жетпей қалды...



Қарасаңшы, қара...



Қапы қалмайық, жігіттер. Әуп...

ХАБАРЛАНДЫРУ

2011-2012 оқу жылында Университеттің туына конкурс жарияланады. Конкурсқа барлық оқытушы-профессорлар және студенттер қатынаса алады. Конкурсқа қатынасу еркін шығармашылық негізде жүргізіледі.

Конкурстық комиссия Хабарласу мекен – жайы: университеттің тәрбие бөлімі. Қатынас телефоны 27-63-07

УНИВЕРСИТЕТ

МЕНШІК ИЕСІ:
Х.ДОСМҰХАМЕДОВ
АТЫНДАҒЫ АТЫРАУ
МЕМЛЕКЕТТІК
УНИВЕРСИТЕТІ

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде тіркеліп, № 2659 куәлік берілген

Газет «Мистоль» ЖШС баспаханасында басылды. Баспаның мекен-жайы: Атырау қаласы, Ж.Молдағалиев көшесі, 29 үй

«Университет» газеті редакция алқасының мүшелері

Б.Б.Мамраев – алқа төрағасы, ректор
А.Қ.Ахмет – тәрбие жұмыстары жөніндегі проректор
А.Т.Садықова – редактор
А.Р.Сабыров – редактордың орынбасары
Е.Қоянғалиев – фототілші
Э.А.Қанатқалиева – компьютерде теруші

Авторлар жарияланымдындағы пікірлер редакцияның көзқарасы еместігін ескертеміз.

«Университет» газетінің меншікті тілшілері

Амандық Абдулов – Тарих-филология факультеті
Ақерке Айтенова – Физика-математика факультеті
Ақбота Ахметова – Педагогика және өнер факультеті
Дияз Наурызалиев – Заң факультеті
Нұргүл Жалмұханова – Әлем тілдері факультеті
Самал Альдешова – Экономика факультеті
Саягул Бақтыгереева – Жаратылыстану факультеті
Нұргүл Исмагулова – Студенттік жастар бөлімі және Жалпы университеттік кафедралар